



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ елшісі Джули Стаффтты қабылдады.

Президент Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты күн тәртібінің ауқымды мәселелері бойынша ынтымақтастық қарқынды да-

мып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты одан әрі нығайтудың,

сондай-ақ жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдерді сапалы іске асырудың маңызына назар аударды.

Елші Президент Дональд Трамптың ризашылығы мен ізгі тілегін жеткізіп, Құрама Штаттардың Қазақстанмен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті жан-жақты дамытуға бейіл екенін айтты.

Джули Стаффт елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға оң баға беріп, жаңа Конституция жобасы бойынша жалпыхалықтық референдумның табысты өтуіне тілектестігін білдірді.

Әңгімелесу барысында Бейбітшілік кеңесі аясындағы қарым-қатынас перспективасы қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев аталған құрылым тұрақтылықты нығайтуға, бейбітшілік пен халықаралық диалогты ілгерілетуге арналған тиімді алаңға айналуы қажет деп санайды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖАНДАНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасеновті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның 2025 жылы атқарған жұмысы мен биылғы міндеттері жөнінде мәлімет берілді.



Асхат Хасеновтің айтуынша, былтыр Қытайдың CNOOC және Sinopet компанияларымен Атырау облысындағы Жылыой және Батыс Қазақстан облысындағы Березовский жобалары бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшарттары жасалды. Turkish Petroleum Corporation, BP, Хорват көмірсутегі агенттігі секілді ірі халықаралық кәсіпорындар еліміздегі перспективті учаскелерді зерттеуде.

Президентке «ҚазМұнайГаз» компаниясы бұған дейін кең көлемде зерттелмеген және жігі көңіл бөлінбеген аумақтарда геологиялық барлау жүргізуге ерекше ден қойғаны жөнінде баяндалды. 2025 жылы 8 іздеу ұңғымасын бұрғылау аяқталды, ал 2029 жылға дейін тағы 24 іздеу ұңғымасын бұрғылау жоспарланған. Жалпы инвестиция көлемі 900 миллион доллардан асады.

Мемлекет басшысына ұсынылған есепке сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұнай мен конденсат өндіру көлемі 26,2 миллион тоннаға жетті. Бұл – 2024 жылмен салыс-

тырғанда 10 пайызға жоғары. Бұдан бөлек, көгілдір отын өндіру көлемін жылына қосымша 2,3 миллиард текше метрге ұлғайту үшін Батыс Прорва, Орталық Өріктау және Рожков кен орындарында жұмыс жүргізіліп жатыр.

Былыр «ҚазМұнайГаздың» үш мұнай өңдеу зауытында 17,5 миллион тонна шикізат өңделді. Жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі 13,6 миллион тоннаны құрады (2024 жылғы көрсеткіштен 1,2 миллион тоннаға артық).

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ химиясы мен газ өңдеу саласындағы жалпы құны 15 миллиард доллардан асатын ірі инвестициялық жобаларды іске асыру барысымен танысты. Маңғыстау облысында қуаты тәулігіне 50 мың текше метр болатын «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауыты пайдалануға берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы геологиялық барлау жұмыстарын жандандыруға және ірі инвестициялық жобаларды уақытылы іске асыруға қатысты міндет жүктеді.

ҚАЙДА БАРСАҢ ДА «ҚЫМБАТ НЕСИЕ»

Статистикаға сүйенсек, тұтынушылық кредиттер бір жылда 16,7 трлн теңгені құрады. Дегенмен бұл көрсеткіш 2024 жылы тіркелген 33,5 пайыздық өсіммен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Әсіресе, кепілсіз тұтынушылық кредиттерде баяулау айқын байқалды. Егер 2024 жылы олардың өсімі 29,3 пайыз болса, 2025 жылдың қорытындысында бұл көрсеткіш 14,5 пайызға дейін төмендеді.

→ 5

ТҮГЕНДЕЛГЕН ТАУАР МЕМЛЕКЕТКЕ ТИІМДІ

Таңбалауды бизнеске таңғанда, Үкіметтің басты дәйектемесі тұтынушы құқығын қорғау, осы мақсатта контрабандалық және контрафакт өнімдерге тегеурінді тосқауыл қою болды.



→ 6

ТҰРАЛАП ҚАЛҒАН ҚЫСҚЫ СПОРТ

Елде шайбалы хоккей мен допты хоккейдің танымалдығы күн санап артып келеді. Бұл спорт түрлерінде спортшылар саны 5,8 мың адамға, яғни 13,6%-ға өскен.

→ 16



САЯСАТ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



РЕФЕРЕНДУМ — СЯСИ ЖҮЙЕНІ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Алматы қаласында мәслихат депутаттарымен, жұртшылықпен, этномәдени бірлестіктердің мүшелерімен және белсенді жастармен кездесті. Іс-шаралар барысында жаңа Конституция жобасының негізгі мәні мен алдағы республикалық референдум аясындағы бірлескен жұмыстың басым міндеттері талқыланды.

Мәулен Әшімбаев кездесуге қатысушыларға ілтипат білдіріп, конституциялық реформа Мемлекет басшысы бастамашы болған ауқымды жаңғыртулардың дәйекті жалғасы екенін атап өтті. Сондай-ақ ол бұл саяси бағдар әділеттілік, заң үстемдігі және биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі сияқты маңызды қағидаттарға табан тірейтінін айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен барлық салада кешенді жаңғыртулар жүзеге асырылуда. Конституциялық реформа — сол іргелі өзгерістердің заңды әрі дәйекті жалғасы. Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа Конституция жобасы республикалық референдумға шығарылды. Осылайша, 15 наурызда азаматтар өз таңдауын жасайды. Бұл — елдің саяси жүйесін демократияландыру жолындағы маңызды қадам. Жаңа Ата Занда мемлекеттілікті нығайтуға, Тәуелсіздікті күшейтуге және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға баса мән берілген. Сондықтан конституциялық реформа заң мен тәртіп қағидатына, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға және орнықты даму бағдарына табан тірейді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы жаңа Конституция жобасы «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асырудың құқықтық негізін қалайтынына назар аударды. Құжатта елдің зияткерлік әлеуетін дамытуға және халықтың бірлігін нығайтуға берік кепіл болатын басымдықтар қамтылған. Бұл жаңа Ата Заңның адамға бағдарлануын, мазмұнының айқындығын және қоғамды ұйыстырушы рөлін айқын көрсетеді.

«Жаңа Конституция жобасы — өткеннің инерциясынан саналы түрде арылып, заманауи мемлекеттік модельге көшу. Ата Зандағы тұжырымдамалық өзгерістердің бірі адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекіту екені анық. Жаңа Конституцияда дәл осы қағида мемлекеттік құрылым жүйе-

сінің іргетасына айналады. Бұл — «Әділетті Қазақстан» идеясын декларация деңгейінде емес, нақты конституциялық нормалар арқылы жүзеге асыру деген сөз», — деді палата Спикері.

Мәулен Әшімбаев жаңа Конституция жобасын тарихи құжат деп атап, бұл шешім қоғамдық келісімнің жаңа үлгісіне көшу және ішкі сұраныстар мен сыртқы сын-қатерлерге берілген уақытылы жауап екенін де тілге тиек етті. Ол конституциялық реформаны сараптамалық тұрғыдан ілгерілетудің маңызына тоқталып, осы идеяларды нақты тетіктерге, алдағы уақытта қабылданатын заңдарға және құқық қолдану тәжірибесіне тиімді енгізу қажет екенін айтты.

«Жаңа Конституция алдағы жылдарда Қазақстанның тұрақты, қауіпсіз әрі серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және саяси құрылымды қалыптастыруға негіз болады. Бұл қадам қазіргі және келешектегі сын-қатерлерді еңсере алатын тиімді жүйе құруға жол ашады. Қазір егемендікті күшейтуге, Тәуелсіздікті нығайтуға, еліміздің қуатты дамуына жағдай жасауға және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға баса мән беріміз керек. Сонда ғана Қазақстан әлемдік экономика мен саясатта лайықты орнын иелене алады», — деді Сенат Төрағасы.

Талқылау барысында сарапшылар мен талдау орталықтарының өкілдері алдағы референдум аясындағы бірлескен жұмысқа қатысты ұсыныс-ойларын айтып, өзекті мәселелер төңірегінде пікір алмасты.

Сапар аясында Сенат Төрағасы Абай атындағы республикалық мектептің материалдық-техникалық базасымен, оның ішінде БҰҰ кабинетінің және білім ордасындағы музейдің қызметімен танысты. Сондай-ақ қалалық кітапхана ұжымымен және мегаполистің белсенді жастарымен кездесті. Одан бөлек, сенаторлар Yandex Qazaqstan-ның кеңсесіне барып, еліміздегі цифрландыру үдерістерін одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Мәжіліске бірінші оқылымда депутаттар бастамашы болған ғылым мәселелері жөніндегі заң жобасын қарау ұсынылады. Бұл құжатта ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің мәртебесін айқындау, олардың академиялық еркіндігі мен шығармашылық еркіндігін, құқықтарының кепілдіктерін бекіту, сондай-ақ ғылыми қызмет бағыттарын өз бетінше жоспарлау және таңдау құқығы қамтылып отыр.

Сонымен қатар профессорлық-оқытушылық құрамға шамадан тыс аудиториялық жүктемені шектеу енгізілуде. Ғылыми зерттеу жүргізу мерзімдерін бекіту, оларды қаржыландыру тәртібі, сондай-ақ оқушыларға олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына дайындалу үшін ғылыми инфрақұрылымды пайдалану құқығын беру жөніндегі нормалар ұсынылады.

Бұдан бөлек, заң жобасында композиттік қызметті енгізу есебінен дәрілік

заттарды тіркеудің жеңілдетілген және жеделдетілген тәртібін енгізу, референс-зертханаларды реттеу тәртібін айқындау және өзге де нормалар көзделеді.

Сондай-ақ жалпы отырыста депутаттар 2025 жылғы 28 ақпанда Астанада қол қойылған Қазақстан мен Аустрия Үкіметтері арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы келісімді қарайды. Құжат екі елдің осы саладағы ынтымақтастығына құқықтық негіз қалыптастырады.

Бұдан бөлек, депутаттар әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын, қорғаныс және әскери қызметті, педагог мәртебесі мен білім беруді жетілдіру, сондай-ақ педагог мәртебесі бөлігінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу мәселелері туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа алады.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ АРТАДЫ



Вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин шекара маңындағы автожол пункттері жұмысының тиімділігін арттыру мәселесі жөнінде кеңес өткізді.

Қазақстан — Қытай бағытындағы автокөліктердің жүк ағыны қарқынды өсуде. Мысалы, 2022 жылы ҚХР-мен шекарадан 639,6 мың көлік өтсе, ал 2025 жылы 1,68 млн көлік өткен. Осылайша, үш жыл ішінде көрсеткіш 2,5 еседен аса өсті. Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты тауар айналымын жылына 100 млрд долларға жеткізу міндетін ескерсек, шекаралық инфрақұрылымға жүктеме әлі де өседі.

Бұған дейін қолданыстағы екіжақты уағдаластыққа сәйкес, Қазақстан — Қытай шекарасындағы өткізу пункттері қысқартылған жұмыс режимі бойынша, сағат 8:00-ден 12:00-ге дейін және 13:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс істейтін. Өткізу

кабілетін арттыру мақсатында кезек-кезеңмен жұмыс режимі ұзартылып, ҚХР шекарасындағы барлық қазақстандық автомобиль өткізу пункттері сағат 07:00-19:00 аралығындағы 12 сағаттық режимге ауыстырылды. «Нұр Жолы» ең ірі өткізу пунктінің бірі пилоттық режимде тәулік бойы жұмыс істеуде.

Бұл ретте қазақстандық пункттердің жұмыс режимі 19:00-ге дейін ұзарғанмен, қытай тарапы жұмысты 16:00-де аяқтайды. Уақыт айырмашылығы дайын инфрақұрылымды пайдалануды шектеуде. Алдын ала бағалау бойынша, екі жақтан да сәйкес келетін жұмыс уақытын ұзарту өткізу кабілетін кемінде 20%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Кеңес соңында қытайлық тараппен өткізу пункттерінің жұмыс уақытын ұзарту мен үндестіру мәселесі бойынша келіссөзді жалғастырып, шекара маңындағы жол бағыттарын инфрақұрылымдық жаңғыртуды жеделдету туралы шешім қабылданды.

БАҒДАР

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН!» КОАЛИЦИЯСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Елордада еліміздің жетекші қоғамдық-саяси күштері «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалицияға бірікті. Оның құрамына бес жетекші саяси партияның өкілдері мен миллиондаған азаматтың мүддесін білдіретін 300-ден астам қоғамдық ұйым енді.

Отырысқа қатысушылар Жаңа Конституция жобасы Күшті әрі Әділетті Қазақстан құрудың іргетасына айналып, саяси жүйе архитектурасын қоғамның жаңа сұранысына сай түбегейлі қайта жаңғыртатынын атап өтті. Бұл биліктің барлық тармағының тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуын кеңейтеді әрі елдің орнықты дамуына жол ашады.

Мәжіліс Спикері, Жалпыұлттық Коалиция жетекшісі Ерлан Қошанов атап өткендей, Жаңа Конституция — шын мәнінде, халықты біріктіруге, ұлттық рухты көтеруге қабілетті тарихи құжат. Онда, ең алдымен, адамға басымдық беріліп, мемлекеттің басты байлығы жер қойнауындағы ресурстар емес, білімді жас ұрпақ екені айқындалды. Бұл — Президент қолға алған ауқымды өзгерістің алтын арқауы. Енді ол ең жоғары конституциялық деңгейде бекітілуде.

«Қазақстанның жаңа Конституциясы — осы іргелі реформалардың шырақ шын. Бұл — Президентіміздің жылдар бойғы ой-толғамдарының жемісі. Халықтың мұң-мұқтажы, талап-тілегі мен үміт-сенімі ұштасқан тарихи құжат. Сондықтан Жаңа Конституция халықпен бірге жазылған — нағыз Халықтық Конс-



титутция деуге толық негіз бар. Біз келер ұрпаққа әр азамат мақтан тұтатын, Өркендеген, Әділетті Қазақстанды қалдыруымыз керек. Бәрімізді біріктіретін осы асқақ арман. Сол арманға — Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстанға Президентімізбен бірге жетейік», — деді ол.

Өз сөзінде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Жаңа Конституцияның маңызына тоқталды: «Қазақстан болашақта азаматтары білімді, ғылымды меңгерген, инновацияға арқа сүйеген, технологиясы дамыған елдердің қатарында болуға ұмтылатынын байқатты. Сондықтан бұл елдің өркендеуіне жаңа серпін беретін Конституция», — деді ол.

Сондай-ақ отырыс барысында «Ауыл» партиясының Төрағасы Серік Егізбаев, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясының Төрағасы Азат Перуашев, «Respublica» партиясының Төрағасы Айдарбек Қожаназаров, Мәжілістегі Қазақстан Халық партиясы фракциясының жетек-

шісі Магеррам Магеррамов, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ерлан Саиров, Үнзила Шапак және Сергей Пономарев сөз сөйледі.

Сонымен қатар «Агроماش-ХолдингKZ» АҚ президенті Динара Шүкіжанова, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев, саясаттанушы Марат Шибұтов, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы өз ұстанымдарымен бөлісті.

Кездесуге қатысушылар Жаңа Конституция жобасы мемлекеттің саяси жүйесін одан әрі жаңғыртуға, әлеуметтік кепілдіктерді нығайтуға, кәсіпкерлікті қолдауға, ғылымды, мәдениетті және ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған стратегиялық бағдарға толық сәйкес келетінін атап өтті. Ұсынылып отырған өзгерістер азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағдарланған мемлекеттік институттардың неғұрлым тұрақты әрі

тиімді моделін қалыптастыратыны баса айтылды.

Сонымен қатар мемлекет институтоналдық өзгерістер жолында маңызды кезеңнен өткені атап өтілді: «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласы нығаяда, Конституциялық Сот жұмыс істеуде, заңсыз шығарылған актівтер мемлекетке қайтарылуда, ұлттық ресурстарды әділ бөлу қажидаты күшейтілуде. Бұл барлық шешім әділдік, теңдік және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік құндылықтарына негізделді.

Жаңа Негізгі заң қоғамдағы терең өзгерістер мен дүниетанымы жаңарған, мемлекетке жоғары талап қоятын жаңа буынның қалыптасуына жауап ретінде қалыптасуына жауап ретінде қалыптасуына атап өтілді. Осы үміттердің өзегінде адалдыққа, заң үстемдігіне, адамның қадір-қасиетіне деген құрметке және адам құқығына кепілдік беруге деген сұраныс жатыр. Жаңа Конституция осы қоғамдық талаптарға айқын әрі нақты жауап береді.

Сондай-ақ Негізгі заң жобасы қоғаммен ашық әрі ауқымды диалог аясында әзірленгені айтылды. Конституциялық комиссия жұмысы жария түрде, тікелей эфирде және тұрақты кері байланыс орната отырып жүргізілді. Осы уақыт аралығында азаматтардан, сарапшылардан, кәсіби қауымдастықтардан және түрлі сала өкілінен 10 мың ұсыныс пен өтініш келіп түсті. Олардың әрқайсысы құжатты әзірлеу барысында қаралып, ескеріліп отырды.

Сөз сөйлеген барша азамат осы шешуші кезеңде Жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызын қалың жұртшылық арасында ілгерілету үшін қоғамдағы жетекші күштерді біріктірудің маңызын атап өтті.

Коалиция құрамына саяси партиялардың орталық және өңірлік құрылымдары, республикалық қоғамдық бірлестіктер, Парламент және мәслихат депутаттары, ғылыми және сарапшылық қауымдастық өкілдері, мәдениет және спорт қайраткерлері, кәсіподақ ұйымдары, салалық қауымдастықтар мен жастар бірлестіктері кірді.

Жуырда Коалиция мүшелері өңірлерде түсіндіру жұмысын бастайды. Алдағы референдум қарсаңында ашық диалог пен азаматтардың саналы түрде қатысуын қамтамасыз ету мақсатында еңбек ұжымдарымен, сарапшылар қауымымен және тұрғындармен кездесу өткізу жоспарланып отыр. Соның ішінде шалғай елді мекендер де назардан тыс қалмайды. Себебі әрбір қазақстандық азаматтың дауысы аса маңызды.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі

Суретті түсірген: Әли Ғалым
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов

«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Сіздің референдумға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асырудың кепілі Сізді республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізу болып табылады.

Тізімдерді жергілікті атқарушы органдар дауыс беру үшін нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар берген өтініші негізінде тізімдерге енгізіледі.

Дауыс беруге арналған учаскелер мен олардың шекаралары туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 21 ақпанға дейін жариялайтын болады. Сіз өзіңіздің учаскеніңізді біліп, тізімге енгізілгеніңізді тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы

органға хабарласу арқылы тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сіздің дауыс беру учаскеніңіз Сізге республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Егер қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз.

Сізді азаматтық жауапкершілік танытуға және 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

БАҒДАР

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ӨҢІРДЕГІ ЭКОБАСТАМАЛАРҒА СЕРПІН БЕРІЛДІ

Павлодар қаласында «АМАНАТ» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы Өңірлік экологиялық кеңестің отырысы өтті. Отырыс кеңес төрайымы Раушан Даумованың төрағалығымен өтті.

Жиын барысында қатысушылар Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясы жобасының негізгі ережелерін талқылап, экологиялық күн тәртібінің маңыздылығын және қоршаған ортаны қорғау ісінде қоғам мен мемлекеттің жауапкершілігін күшейту қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ 2026 жылға арналған кеңестің іс-шаралар жоспары бекітілді. Аталған жоспар өңірдегі экологиялық бастамаларды одан әрі дамытуға, халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға және табиғатты қорғау жобаларын қолдауға бағытталған.

Кеңес мүшелері «АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағ-

дарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының Павлодар облысы бойынша орындалу қорытындыларына ерекше назар аударды. Бірқатар іс-шараның сәтті жүзеге асырылғаны атап өтілді. Атап айтқанда, өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтары аумағында және жасыл белдеулерге бөлінген учаскелерде 40 мың жасыл желек отырғызу жөніндегі тармақ толық орындалды. Ертис және Сілеті өзендерінің арналарын тазарту жұмыстары жүргізіліп, бұл гидрологиялық режимнің жақсаруына ықпал етті. Сонымен қатар облыс қалаларында қалдықтарды фракциялар бойынша — құрғақ және



ылғалды — бөлек жинауға арналған 2 мыңға жуық контейнер орнатылды.

Сонымен бірге бірқатар міндет бақылауда қалып отыр. Облыстың барлық аудан орталықтарында сұрыптау желілері бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын

салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында 12 мың орман көшетін отырғызу жұмыстары жалғасуда.

Отырыс қорытындысы бойынша экологиялық міндет-

темелерді дәйекті түрде орындаудың және өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында мемлекеттік органдардың, партияның және жұртшылықтың күш-жігерін одан әрі шоғырландырудың маңыздылығы атап өтілді.

БАСТЫ МАҚСАТ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ

«АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Miras аймақтық кеңесінің отырысы өтті. Жиынға партияның Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Талғат Балтабаев, кеңес төрағасы Пердеш Есенбек және кеңес мүшелері қатысты.



Басқосуда азаматтық қоғам институттары мен мәдени сала арасындағы өзара байланысты күшейту, қоғамдық бастамаларды қолдау және шығармашылық қауымдастықтармен жүйелі әріптестік орнату мәселелері кеңінен сөз болды. Кеңес мүшелері мәдениет қоғамды біріктіретін, ортақ құндылықтарды қалыптастыратын маңызды тетік екенін атап өтті.

Жиын барысында Пердеш Есенбек кеңестің жаңартылған құрамы мен алдағы жұмыс жоспарларын таныстырып, Miras кеңесінің негізгі мақсаты — қоғам мен билік арасындағы мәдени әрі рухани байланысты нығайту, зиялы қауым мен белсенді азаматтардың әлеуетін тиімді пайдалану екенін жеткізді.

Өз кезегінде Талғат Балтабаев азаматтық қоғамды дамытуда мәдени бастамалардың рөлі ерекше екенін атап өтті.

«Мәдени байланыстар — қоғамдағы сенім мен өзара түсіністіктің негізі. Азаматтық қоғамның

дамуы тек саяси процестермен емес, мәдени ортадағы серіктестікпен, қоғамдық келісіммен өлшенеді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру маңызды», — деді ол.

Сонымен қатар кеңес мүшелері мәдени ұйымдармен, шығармашылық ұжымдармен және қоғамдық бірлестіктермен бірлескен жобаларды көбейту, жастардың мәдени белсенділігін арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды.

Жиын аясында елде өтіп жатқан маңызды қоғамдық-саяси үдерістерге де қысқаша тоқталып, соның ішінде алдағы референдумға шығарылатын Жаңа Конституция жобасы да сөз болды.

Кездесу қорытындысында Miras аймақтық кеңесі азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстарды жандандырып, қоғамдағы диалог пен ынтымақтастықты нығайтуға күш салатынын жеткізді.

ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСARTU ҚAJET

«АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы Бейбіт Мырзағалиевтың қатысуымен Махамбет ауданы Сарайшық ауылында аудандық мәслихаттағы «АМАНАТ» партиясы депутаттық фракциясының кеңейтілген отырысы өтті.

Жиын барысында қатысушылар Қазақстан Республикасының Конституциясының жаңа редакциясының жобасын талқылап, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Конституциялық өзгерістер елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік басқаруды жетілдіруге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталған маңызды бастама екені атап өтілді.

Сондай-ақ «АМАНАТ» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының Махамбет ауданы бойынша орындалу барысы қаралды. Аудан әкімі Қайрат Нұрлыбаев атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымды жақсарту, жұмыспен қамту және халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы негізгі мәселелерге тоқталды.

Ауданда Жол картасы аясында жоспарланған 36 іс-шараның 35-і орындалған.



Бұл — сайлауалды кезеңде партияның халыққа берген уәделерінің басым бөлігі нақты іске асқанын көрсетеді. Жалпы, Жол картасының орындалуы өңір тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған.

— Қазір партияның 13 жобасы бар. Соның ішінде «Ауыл аманаты» мен «Жер аманаты» жобалары ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға арналған. Аудандағы өзекті мәселелердің негізгі бөлігі осы партиялық жобалар аясында қамтылған. Сондықтан құзырлы мемлекеттік органдар партиямен бірлесіп, жүйелі әрі тиімді жұмыс жүргізген жағдайда бұл міндеттер кезең-кезеңімен шешімін табады деп сенемін, — деді Бейбіт Темірбекұлы.

Сонымен қатар облыстық филиал төрағасы ауданда «Жер аманаты» жобасы арқылы игерілмей жатқан жерлерді ел игілігіне қайтарып, ал «Ауыл

аманаты» бағдарламасы аясында сол жерлерді тиімді пайдалану арқылы егін шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге және өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік мол екендігін айтты.

Аталған жұмыстардың барлығы «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің Атырау облысына жұмыс сапары барысында берген нақты тапсырмаларының аясында жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта махамбеттік тұрғындардың өзекті мәселелерін тыңдау мақсатында көшпелі қоғамдық қабылдау өткізу жоспарлануда.

Фракция отырысы аудандағы маңызды мәселелерді жүйелі түрде талқылауға және алдағы жұмыстардың нақты бағытын айқындауға мүмкіндік берді. Сайлауалды бағдарлама мен партиялық жобалардың нәтижелі жүзеге асуы партия филиалының бақылауында болмақ.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ӨЗЕКТІ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Несие нарығында қалыптасқан үрдіс өзгеріп, баланс тұтынушылық несиеден бизнеске арналған қарыздарға қарай ауа бастады. Халық та бұрынғыдай белсенді түрде несие ала бермейді. Кепілсіз тұтынушылық кредиттердің екі есе азаюы осыны көрсетіп тұр. Бұл жағдайды біреулер қаржы нарығындағы ережелердің өзгеруі деп бағаласа, енді біреулер халықтың қарыз жүгінен шаршағанының белгісі дейді.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қаржы нарығын реттеу агенттігінің мәлімдеуінше, қабылданған шектеу шараларының әсерінен жаңа кепілсіз тұтынушылық несиелерді беру қарқыны айтарлықтай баяулаған.

«Егер 2024 жылы бұл сегменттегі өсім 22,6 пайыз болса, 2025 жылдың қорытындысында ол небәрі 6,1 пайызды құрады. Сонымен бірге тұтынушылық кредит нарығында өсім толық тоқтап қалған жоқ. Несие-леудің артуына негізінен автокредиттер әсер етті. 2025 жылы көлікке берілген несиелер 42,4 пайызға өсіп, жалпы көлемі 4 трлн теңгеге жетті», — делінген мәлімдемеде.

ТҰТЫНУШЫ «ТӘБЕТІ» ТӨМЕНДЕДІ

Статистикаға сүйенсек, тұтынушылық кредиттер бір жылда 16,7 трлн теңгені құрады. Дегенмен бұл көрсеткіш 2024 жылы тіркелген 33,5 пайыздық өсіммен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Әсіресе, кепілсіз тұтынушылық кредиттерде баяулау айқын байқалды. Егер 2024 жылы олардың өсімі 29,3 пайыз болса, 2025 жылдың қорытындысында бұл көрсеткіш 14,5 пайызға дейін төмендеді.

Экономист Мақсат Халықтың айтуынша, тұтынушылық несие алу қарқыны соңғы уақытта расымен бәсеңдеген. Бұл жағдай Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің есебінде де көрініс тауып отыр.

— Агенттік соңғы үш жыл бойы тұтынушылық несиенің шамадан тыс өскенін айтып келді. Алайда бұл үрдісті толықтай оң қыбылға деуге болмайды. Себебі халық қымбат несие алып үлгерді, енді сол қарызды өтеу барған сайын қиынға соғып отыр. Тұтынушылық несиенің қарқыны төмендеуіне пайыздық мөлшерлеменің қымбаттауы негізгі себеп болды, — дейді экономист.

Себебі Ұлттық банк белгілейтін базалық мөлшерлеме соңғы жылдары айтарлықтай өскен. Қазір оның деңгейі 18 пайызды құрайды.

— Бұл — қаржы нарығындағы ең төменгі пайыздық шек. Осыған байланысты екінші деңгейлі банктердегі тұтынушылық несиелердің пайызы одан да жоғары болып отыр. Бұған қоса, халықтың тұтынушылық несиеден әбден қажығаны да рас. Бүгінде көптеген азаматтың несиеге белшесінен батып, ұзақ жыл бойы қарыз шырмауынан шыға алмай жүргені жасырын емес, — дейді маман.

Сонымен қатар экономист несие карталары кеңінен таралып, олардың пайыздық мөлшерлемесі өте жоғары болғандықтан, қарызды жабу қиынға соғып отырғанын айтты.

— Төмен пайызды несиені азаматтар белгілі бір мерзімде төлеп шығуы мүмкін. Ал пайызы жоғары несиені 5-6 жыл бойы өтеу адамның өзін де, қаржылық мүмкіндігін де қатты қажытатыны анық. Қазір шамамен 10 миллионға жуық еңбекке жарамды халық бар. Соның 8,5 миллионнан астамының қолында несие бар. Яғни, еңбекке жарамды азаматтардың басым бөлігі қазір қарызға тәуелді жағдайда өмір сүріп отыр, — дейді ол.

Сандарға назар аударсақ, 2025 жылы халыққа берілген кредиттердің құрылымында ипотекалық және тұтынушылық несиелер өсім көрсетті, алайда олардың қарқыны бұрынғы жылмен салыстырғанда баяулады. Ипотекалық кредиттер 14,6 пайызға артып, жалпы көлемі 6,9 трлн теңгеге жеткен. Бірақ сарапшы несие түрлері де көбейіп, азық-түлікке дейін несиеге алу үрдісі кең тарағанына алаңдайды.

НЕСИЕНІ НЕГЕ АЛАДЫ?

— Мұндай жағдай, негізінен, екі себепке байланысты қалыптасады. Біріншіден,

ҚАЙДА Барсаң да «ҚЫМБАТ НЕСИЕ»



Елшар КАБА (қолжазба)

азаматтардың қаржылық сауаттылығы төмен болуы мүмкін. Екіншіден, халықтың негізгі табыс деңгейі жеткіліксіз болғандықтан, қымбат несие алуға мәжбүр. Мен сарапшы ретінде екінші себепке көбірек басымдық берер едім, — дейді Мақсат Халық.

Экономист сөз еткен несие түрлерінің ішінде тұтынушылық несиенің артуына негізінен автокредиттер әсер еткенін реттеуші ұсынған мәліметтерден байқауға болады. Бірақ маман бұл қымбат несиелердің қатарында болғандықтан, отбасылық бюджеттен ойып орын алатынын жеткізді.

— Автонесие тұтынушылық несиеге қарағанда қымбат болғандықтан, оны уақытында төлей алмау қаупі де жоғары. Әлемдік тәжірибеде несиеге қабілетті азамат үлкен артықшылыққа ие саналады. Сондықтан көптеген елде тұтынушылық несиелер кең таралған әрі олардың пайыздық мөлшерлемесі төмен болады. Ал бізде жағдай керісінше. Пайызы жоғары болғандықтан, тұтынушылық несиенің кең таралуы халықты тығырыққа тіреп, өмір сүру сапасының одан әрі төмендеуіне алып келіп отыр. Осыған байланысты мемлекет жүргізіп отырған саясатта несие пайыздарын барынша төмендету аса маңызды, — дейді ол.

Тұтынушылық несиенің статистикаға енбейтін тағы бір түрі бар. Ол — «тойнесие». Ресми түрде бұл көрсеткіш ешқандай мекеменің санағына ілікпейді. Дегенмен халық арасында біркүндік қуаныш үшін мыңкүндік несие алу бүгінде әдетке айналғаны сарапшылардың назарын аудартып отыр. Экономист Руслан Сұлтанов той есепке құрылған дүние емес екенін айтып ашынады.

Сарапшының айтуынша, көптеген жас жұбай әдемі той өткізу үшін 3-5 жылға тұтынушылық несие алуға мәжбүр. Қымбат мейрамхана, жүздеген қонақ, безендіру, асаба, фотозона мен салтанатты көлік бір күнде аяқталғанымен, ай сайынғы несие төлемі бірнеше жыл бойы отбасының табысын шектеп отырады.

Маман мұндай шешімдердің көбіне эмоциямен қабылданатынын айтады. Той кезінде адамдар қаржылық есептен гөрі мәртебе мен айналаның пікіріне көбірек

Ал несие — эмоция емес, тұрақты міндеттеме. Жас отбасы жаңа өмірін бастағанда пәтерақы, күнделікті шығындар, кей жағдайда бала тәрбиесі қосылады. Табыс әлі тұрақталмаған кезеңде ай сайын банкке төленетін қарыз отбасының қаржылық еркіндігін шектейді.

мән береді. «Бір рет қана үйленеміз», «Бәрі солай істейді», «кейін табамыз» деген ойлар алға шығып, нақты қаржылық салдары ескерусіз қалады.

Ал несие — эмоция емес, тұрақты міндеттеме. Жас отбасы жаңа өмірін бастағанда пәтерақы, күнделікті шығындар, кей жағдайда бала тәрбиесі қосылады. Табыс әлі тұрақталмаған кезеңде ай сайын банкке төленетін қарыз отбасының қаржылық еркіндігін шектейді.

Сарапшы бұл жағдайды «ұзын қаржылық құйрық» деп сипаттайды. Той әлдеқашан өтіп, қонақтар ұмытқанымен, қарыз бірнеше жыл бойы соңынан еріп жүреді. Ай сайынғы төлем бастапқыда жеңіл көрінгенімен, оны бірнеше жылға көбейткенде пайызымен бірге бірнеше миллион теңгеге жетеді.

Тағы бір маңызды жайт — несиеге жасалған той болашақта табыс әкелмейді. Ол жинақ қалыптастырмайды, тұрғын үй алу немесе қаржылық қауіпсіздік жастығын құруға көмектеспейді. Керісінше, кейін ипотеканың бастапқы жарнасын жинауға мүмкіндік бермей қояды.

Сарапшы тойдан бас тартуға емес, мерекені қарызға батпай өткізудің маңыздылығына назар аударуға шақырады. Оның айтуынша, отбасылық өмірдің берік бастауы қонақтың көптігімен емес, қаржылық еркіндікпен өлшенеді.

«Кейде ең дұрыс әрі салтанатты бастау — қымбат той емес, қарызсыз өмір», — дейді ол.

«ТЕГІН» НЕСИЕ ҚАЙДА БАР?

Тұтынушылық несие құрылымына едәуір зор үлес қосатын қаржы құралының бірі — бөліп төлеу. Бүгінде Ұлттық банк оны ресми түрде несие түрлерінің қатарына енгізуге күш салуда. Дегенмен жарнаманың жанама әсерінен болса керек, халық бөліп төлеуді пайызсыз қарызбен шатастырып жатады. Мамандар оның пайызы тауар құнына жасырылғандықтан, бұл екіжақты B2B келісімдер арқылы жүзеге асырылатынын жеткізіп отыр.

— «Тегін несие» ретінде ұсынылатын бөліп төлеу құралдарын да шын мәнінде пайызсыз деп айту қиын. Себебі олардың пайызы тауардың бағасына алдын ала қосылып қояды. Яғни, компания мен банк арасындағы келісімге сәйкес, тауарды бөліп төлеу арқылы сату үшін оның құнына 15-20 пайыз үстеме қосылады. Ал егер тауар қолма-қол төлеммен сатылса, бағасы әлдеқайда арзан болуы мүмкін еді. Демек, мұндай тетіктер түптеп келгенде қымбатшылықтың артуына да өз үлесін қосып отыр, — дейді Мақсат Халық.

Маман қазіргі қаржы нарығында қалыптасқан ахуал банк акционерлерінің тойымсыздығынан екенін жоққа шығармайды. Себебі кезінде мемлекеттен миллиардтап субсидия алған нарық субъектілері қанша табыс тауып отырса да, халық қазынасынан алған қаржыны әлі де толық қайтара алмаған.

— Жалпы, банк секторы қаржылық дағдарыс кезінде мемлекеттен өте көп қолдау алды. Дегенмен оны әлі де толық қайтарып болмаған. Бұл жерде банк акционерлерінің теңгерімсіз шешімі деуге болатын шығар. Себебі банктер қиын жағдайға тап болғанда олар мемлекеттен ақша сұрамай, өздері қаржы құюы қажет болатын. Қоғамға пайдалы болып, қаржы институты ретінде дұрыс жұмыс істеуді немесе керісінше, барынша пайда тауып қалуды көзделді, — дейді ол.

Банк секторын барынша сауық-батыруға мемлекет орасан зор қайраты мен қаржысын жұмсағаны рас. Соның арқасында бүгінде несие портфелінің де сапасы артып, банк балансындағы проблемалық қарыздардың үлесі бақылау шегінен шыққан жоқ.

«Несие портфелінің сапасы жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде қалды. Мерзімі 90 күннен асқан проблемалық қарыздардың үлесі сәл өскенімен, жалпы портфельдің 4 пайызына да жетпейді. Бұл ретте жұмыс істемейтін қарыздардың едәуір бөлігі провизиялармен жабылған, яғни банктер ықтимал тәуекелдерге алдын ала дайын. Банк секторының міндеттемелері де өсіп, 60 трлн теңгеден асты. Оның негізгі бөлігін клиенттердің депозиттері құрайды. 2025 жылы резиденттердің депозиттері айтарлықтай ұлғайып, әсіресе ұлттық валютадағы салымдар қарқынды өскен», — делінген Қаржы нарығын реттеу агенттігінің мәлімдемесінде.

Қорыта айтқанда, қаржы секторының даму қарқыны бәсеңдегенімен, бұған дейінгі шешімдердің салдарын сезінетін уақыт жеткен сынайлы. Дегенмен сала сарапшылары бұл да уақытша үрдіс екенін алға тартып отыр. Алдағы уақытта Ұлттық банк пайыздық мөлшерлемені қайта төмендететін болса, халық қайта тұтынушылық несие алуға жүгіне бастауы әбден мүмкін.

НАРЫҚ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



Елдар КАБА (collage)

Президент Жолдауындағы тапсырмаға сәйкес, Үкімет цифрландыруды кеңінен енгізу арқылы экономиканың көлеңкелі тұстарына жарық түсіріп, күнгейге шығаруға күш салып жатыр. Бұл тұрғыда оған «таңбалау-маркировка» атты тетік көмекке келді. Бұрын ол тек 3 тауар тобымен шектелді. Биыл тауарға таңба басу жаңа деңгейге шықты және оған іліккен өнімдер тізімі еселеп артқалы тұр. Мұның елге қандай пайдасы бар?

дары. Содан кейінгі қалдықтар заңсыз тауар деп танылады және бизнес нысандары оны өз бетінше әрі өз қаражатына жоюы қажет.

ОДАҚ ТӨЛ ӨЗГЕРІСІН ҚОСТЫ

2026 жылғы 1 наурыздан бастап Еуразиялық одақ былғарыдан, теріден жасалған бұйымдарды Data Matrix форматындағы таңбалауға көшеді. Бұған дейін тон, ішік және басқасын маркировкалау бойынша Ресей мен Қазақстанда тиісті эксперимент жүргізілген-тін. Оның ақырғы қорытындылары не нәтиже әкелгені қоғамға сол бойы жарияланбады. Соған қарамастан қазақ-

дың айналым мерзімін бұдан да ұзартуға құқылы. Бірақ ол жағдайда БСБ-сы ғана бай тауарын Ресейге экспорттауына рұқсат етілмейді.

КИІКТЕН ШҰЛЫҚҚА ДЕЙІН...

Таңбалау жүйесі 4 жаңа тауар тобымен толықты. Топ бір емес, бірнеше тауар түрінен тұрады. Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 22 қарашадағы №330-НҚ бұйрығымен таңбалауға жататын тауарлар тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұйрық бүгінде толық күшіне енді. Бірақ ондағы кейбір тауарға өтпелі кезең белгіленген. Сөйтіп, тізбеге жаңадан «сыра», «мотор майлары», «жеңіл өнеркәсіп тауарлары», «киік туындылары» топтары қосылды.

Бұл топтарды тарата кетсек, 2026 жылғы 1 ақпаннан алкогольсіз сыра; мотор майлары; компрессорлық жағармай; турбиналық жағармай; мұнай өнімдері бар майлау материалдары таңбалана бастайды. 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап жағармайлар; антифриздер; гидравликалық және басқа мақсаттарға арналған сұйықтықтар; ашық түсті майлар; вазелин майы; металдарды өңдеуге арналған құрамдар; тотығуға қарсы майлар; электрлік оқшаулағыш майлар міндетті таңбалаудан өтпек. Ары қарай 1 желтоқсаннан бастап таза теріден, композициялы, жасанды теріден жасалған киім; трикотаж; тоқыма, мақта-мата жібінен жасалған ерлер және әйелдер киімі; төсек жаймалары, асхана, дәретхана, асүй жаулықтары ілікті.

Келесі жылғы көктем Мәскеу жактан таңбалаудың жаңа талаптарын әкеледі. Ресми мәлімет бойынша Қазақстанда 2027 жылғы 1 наурыздан бастап әрбір бірлік свитер, пуловер, кардиган, кеудеше; ұқсас трикотаж бұйымдары; әйелдердің блузка, блуза және блузондары; пальто, қысқа пальто, желбегей, плащ, күрте, жадағай, шекпен және ұқсас бұйымдар; химиялық жіптерден жасалған киім заттары; орамал, шарф, мойын орамал, мантилья, бетперде және ұқсас бұйымдар; галстуктер, мойынтақтар таңбалауға тиіс.

2027 жылғы 1 қазанда таңбалау кезегі костюм, жакет, блайзер, көкірекшесі және баулары бар комбинезон, бриджи, белдемше-юбка, көйлектер, шолоқ шалбарлар мен спорттық костюмдерге келеді. Жалпы, тізім өте ұзын, шұбатылып кете береді. Оған жеңіл өнеркәсіп тауарларынан, зергерлік бұйымдардан, биологиялық белсенді коспалардан бастап киіктің қалдықтарына, тіпті шұлыққа дейін кіргізілген. Айтпақшы, бытыр атуға рұқсат етілген ақбөкеннің мүйіз-тұяқтары-тұмсықтары, сондай-ақ осы өнімдердің ұнтағы мен қалдықтары 2025 жылғы 1 қарашадан таңбалана бастады.

Әрине, салада қордаланған проблема жетерлік. Оның бәрін шешпей, шенеуніктердің таңбаланатын тауарлар ауқымын қатты арттыруын бизнес ауырына қабылдады. Кәсіпкер Сергей Никитин одақ ішінде бұл тұрғыда Ресей және Қазақстан ғана өсіребелсенді екеніне, Қырғызстан мен Армения таңбалау түрінде бизнеске қосымша қаржылық жүктеме түсіруге асықпай отырғанына назар аудартты.

Депутаттар таңбалау шығындары тауар бағасының қымбаттауына әкелді деп алаңдайды. Премьер-министрдің өзі жуырда бизнес тарапынан көптеген тауар тобына таңбалауды кеңейтуге қатысты шағым түсіп жатқанын атап өтті. Ол жауапты министрлік кәсіпкерлерге таңбалаудың маңыздылығын, оның оң әсерін түсіндіру бойынша жеткілікті жұмыс жүргізбегенін айтты.

— Тауарды цифрлық таңбалау жобасы отандық нарықты контрафактілік және сапасыз өнімнен қорғауға, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Ақпараттық-түсіндіру науқанын күшейтіп, таңбалауға жататын тауарлар тізбесін кеңейтуді жалғастыру қажет, — деді Олжас Бектенов.

Үкіметтің тұжырымдауына, цифрлық таңбалау — қысқа мерзімде қиындықтар туғызғанымен, ұзақ мерзімде экономиканың көлеңкелі тұстарын сейілтп, тұтынушының сенімін бекемдеуге, сол арқылы әділ әрі өркениетті нарық қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам.

ТҮГЕНДЕЛГЕН

А Айхан ШӘРІП

ТАҢБАЛЫ ТАУАР — ТАЗА НАРЫҚ

Таңбалауды бизнеске таңғанда, Үкіметтің басты дәйектемесі тұтынушы құқығын қорғау, осы мақсатта контрабандалық және контрафакт өнімдерге тегеурінді тосқауыл қою болды.

«2025 жылы таңбалаумен темекі өнімдері, аяқкиім және дәрі-дәрмек сияқты небәрі үш тауар тобы қамтылса, енді сыра, мотор майлары, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, дәрілік заттар және басқа санаттар кезең-кезеңімен осы жүйеге қосылады. Бұл шаралар көлеңкелі экономиканы қысқартуға, контрабанда мен контрафакт өнімдердің жолын кесуге, нарықтағы ашықтықты арттыруға және адал өндірушілерді қорғауға бағытталған», — делінген әлі күнге «Казмарка» тұғырнамасында.

Алайда цифрлық таңбалау сапа кепіліне айналмады. Елге заңсыз әкелінген немесе лас цехтарда қолдан жасалған тауарлар нарықта сол бұрынғыдай сатылу үстінде. Онымен күрес негізінен таңбалауға емес, жауапты құрылымдардың іс-қимылына сүйенеді. Мәжіліс депутаттары өндірушілердің тіпті жалған тауарға да таңбалау маркасын жабыстырып, оны заңды айналымға жібере алатынын тілге тиек етті.

Сонымен қатар таңбалауды енгізу бизнеске қосымша қаржылық және техникалық жүктеме түсіріп, тауар бағасының өсуіне ықпал еткені де жасырын емес. Осыған байланысты кәсіпкерлер енгізу мерзімдерін қайта қарауды сұрап жатыр. Жүйенің қалай жұмыс істейтінін кәсіпкерлер түсіне алмай отыр. Үкімет басшысы болса, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет екенін мойындады.

Ендеше мұның пайдасы неде? Ол салықшыға нарықта өткізілетін әрбір тауардың қозғалысын қырағы бақылап, сол арқылы бизнес нысандарынан әр сатыда толыққанды салық жинауға мүмкіндік береді. Тиісінше, тауарларды таңбалау саласына контрабандамен, контрафакт өнімдермен күреске құзырлы Әділет, Ішкі істер министрліктері, Қаржылық қадағалау агенттігі немесе басқа оқалы жағалылар емес, салық жинайтын Мемлекеттік кірістер комитеті жауап береді. Оны оператор ретінде «Қазақтелеком» жүзеге асырады.

Тапшы бюджетті толтыру мақсатында биыл бұл тетікке жан кірді. Осы бағытта жаңалықтардың үлкен топтамасы күшіне

ТАУАР
МЕМЛЕКЕТКЕ
ТИІМДІ

мінді. Әр дана, қорап, қалбырды таңбалау жүйесі бұдан былай тіпті киік мүйізі мен мотор майларына, ерлердің костюмі мен балалардың шұлығына дейін қамтымақ. Бұл сұр нарықты «ақтау» ма, әлде бағаның шарықтауына кезекті баспалдақ па? Оны уақыт көрсетеді.

Әзірге осы тетікті ілгерілетуге жауапты «Казмарка» порталы және «Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесі» биыл сауда сөрелеріндегі өнімдердің «шығу тегін» анықтауға үлкен кадам жасалатынын жария етті. Бұл жай ғана техникалық талап емес, әрбір тауардың өндірілген сәтінен бастап, ақырғы тұтынушының қолына тигенге дейінгі жолын айқын-мәлді ететін «цифрлық паспорт».


Жаңа белеске кадам жасау басталып та кетті. 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап елімізде сыра және сыра сусындарын цифрлық таңбалау кезең-кезеңімен күшіне енді. Бұл тетік бөкікті өнімнің әрбір шөлмегі мен қалбыры туралы мәліметтерді арнайы ақпараттық жүйеде нақты тіркеуге, өндіріс пен логистика кезінде оларға Data Matrix кодтарын таңуға байланысты үдерістерді қамтиды.

Нарықтың барлық қатысушысы жаңа талаптарға алдын ала дайындалып, жұмысын жаңа жағдайға бейімдей алуы үшін таңбалау кезең-кезеңімен енгізіледі: 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап кептер мен бөтелкелердегі сыраны таңбалау қолға алынды. Ал 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап алюминий банкілердегі сыра таңбалана бастайды. Әрі қарай 2027 жылғы 1 қаңтардан осы топқа жататын барлық тауар айналымының бүкіл тізбегі «толық қадағалау режиміне» көшіріледі.

«Ерекше атап өтеміз: таңбалау тек 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап өндірілген өнімдерге қолданылады. Міндетті таңбалау енгізілген күнге дейін өндірілген, тиісінше, таңбаланбаған сыра және сыра сусындарының қалдықтарын кәсіпкерлер 1 жыл ішінде толық сатып шығуға тиіс», — деп хабарлады Мемлекеттік кірістер комитетінің маман-

ТЫНЫС

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



Айта кету керек, сандық маркетингтің жаңа дәуірінде ақша ғана емес, құндылық алмасу алдыңғы қатарға шықты. Сол алмасудың ең кең тараған түрлерінің бірі — бартер. Әсіресе, UGC креаторлар үшін бұл ұғым күнделікті жұмыс форматына айналып үлгерген. Бартер — бұл ақшасыз айырбас. Яғни, бір тарап тауар немесе қызмет ұсынса, екінші тарап өз еңбегін, контентін немесе жарнамалық мүмкіндігін береді. Маркетингте бренд өнім береді, ал креатор сол өнімді сипаттап, өз аудитория-

сезеді, ал бұл — сенімнің бастауы. Арайлымның айтуынша, бартер креаторға пайдалы болуы мүмкін, бірақ ол әрдайым тиімді емес. Бастапқы кезеңде бартер портфолио жинау, тәжірибе алу немесе жаңа аудиторияға шығу үшін қолайлы. Кейде бренд ұсынған өнім нағыз құнды әрі қажет болса, креатор үшін бұл үлкен пайда.

— Алайда тәжірибелі креаторлар үшін бартер әрдайым тиімді болмайды. Уақыт, идея және креатив — еңбектің өзі, ал оларды тегін беру әрдайым ақылға қонымды емес. Сол себепті бартер көбіне басқа тәжірибе мен қызығушылыққа байланысты ғана жүзеге асырылады. Дегенмен креатор аудиториясын тек жарнамамен шаршатып алмауы қажет, — дейді UGC креатор.

**ОҚЫРМАН МЕН
ЛАЙК МАҢЫЗДЫ
ЕМЕС**

Жоғарыда айтқанымыздай, кез келген контент түсіретін адам UGC креатор бола алады. Бұл салада оқырман мен лайк маңызды емес. Бастысы — шынайылық. Көптеген креатор бренд өнімдерін қолданып, өз пікірін бөлісіп, аудиториямен тікелей байланыс орнатуда. Алайда UGC креаторлардың да заң алдында жауап беретінін ұмытпауымыз керек.

UGC-контент белгілі бір бренд өнімін насихаттаса, Қазақстан заңнамасы оны жарнама ретінде қарастыра алады.

Жарнама туралы заңнамаға сәйкес, креатордың міндеті — аудиторияға ақпаратты ашық жеткізу, тұтынушыны алдамау және өнім туралы шынайы мәлімет беру. Егер креатор бартер негізінде өнім алған болса, оны жариялаған кезде бұл фактіні көрсетуі қажет. Мысалы, хештегтер (#ad, #жарнама) арқылы немесе мәтіннің өзінде «бұл өнім брендтен алынды» деген ақпарат беру шарт. Егер креатор жарнаманы жасырса, өнімнің пайдасын бұрмалап көрсетсе немесе аудиторияны алдаса, заң бойынша әкімшілік айыппұл салынуы мүмкін. Кейде бренд тарапынан моральдық немесе материалдық өтем талап етілуі де ықтимал. Сондықтан креатор шынайы пікір айтуы керек.

Қорыта келгенде, Қазақстанда UGC креаторлар заң алдында жауап береді, ал бартер негізіндегі контентті жарнама ретінде көрсету — міндетті. Шынайылық пен заңдылық үйлескенде ғана цифрлық кеңістіктегі контент сапалы әрі қауіпсіз болатынын ұмытпайық.

Кербез ЕСІМ

UGC КРЕАТОР:

«ТІРІЛТКЕН» ТӘСІЛ

Кейінгі жылдары әлеуметтік желілерді ашсаңыз, жарнаманың өзі өзгеріп кеткенін байқайсыз. Бұрынғыдай жылтырақ студия, мінсіз модель, артық монтаж азайды. Оның орнына қарапайым телефонмен түсірілген, «тірі» эмоцияға толы видеолар көбейді. Осы өзгерістің бастауында UGC креаторлар тұр.

ШЫНАЙЫЛЫҚ БАСТАЛДЫ

UGC (User Generated Content) креатор — бұл брендке арналған контентті қарапайым қолданушы стилінде жасап беретін адам. Ол міндетті түрде блогер немесе миллиондаған оқырманы бар инфлюенсер болуы шарт емес. Ең басты-

осы сәтте медиа кеңістікте жаңа құбылыс бой көтерді. Ол — UGC-контент, яғни қолданушы жасаған контент, — дейді сала сарапшысы Астанай Бакыт.

Оның айтуынша, UGC-контенттің түп-тамыры интернеттің алғашқы кезеңдерінен бастау алады. Форумдарда пікір қалдырған қолданушылар, блог жүргізген әуесқой авторлар, өнім жайлы шынайы ойымен бөліскен қарапайым адамдардың барлығы бүгінгі UGC-дің алғашқы бейнесі еді.

Алайда бұл форматтың қарқын алуы әлеуметтік желілердің дамуымен тікелей байланысты. Facebook, YouTube, кейінірек Instagram мен TikTok, Threads әр адамға өз ойын жария айтуға мүмкіндік берді. Камера ұстау — кәсіпқойлар-

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАШАН КЕЛДІ?

Қазақстанға UGC-контент бір күнде келген жоқ. Алғашында ол блогерлер мен шағын кәсіп иелерінің тәжірибесі арқылы байқалды. Instagram желісінде пікір қалдыру, стористе өнімді көрсету, TikTok-та тәжірибемен бөлісу бейресми түрде басталды. 2020 жылдан кейін, әсіресе пандемия кезеңінде, бұл үрдіс айқын көріне бастады. Онлайн сауда өсті, офлайн байланыс азайды, ал адамдар бір-бірінің тәжірибесіне көбірек сүйенетін болды. Дәл осы уақытта қазақстандық брендтер де UGC-дің күшін сезінді. Ал қазір әлеуметтік желіні аша қалсаңыз қаптаған UGC креаторлар. Солардың бірі — Арайлым Маметаева. Ол жеті жылдан бері блог жүргізеді. Бастапқыда өз қолымен жасаған жұмыстарын желі арқылы сатып жүрген. Кейін декреттік демалыста отырғанда UGC-контент түсіруге бел шеше кірісіпті.

— Контент түсіруім аякасты басталып кетті. Бұл декреттегі анаға аз болса да көмек болып тұр. Өзім информатика пәнінің мұғалімімін. Бірнеше жыл декреттік демалыста жүргендіктен, өзімді жоғалтып алғандай сезіндім. Ал контент түсіру бұрыннан ұнайтын. Тұрақты түрде қарайтын оқырмандарым да болды. Осы уақытқа дейін оннан астам брендпен бартерге жұмыс істедім, — делі Арайлым Маметаева.

сына фото, видео немесе шолу түрінде ұсынады.

— UGC креатор үшін бартер — жай ғана «тегін өнім» емес. Бұл — тәжірибе, контент және репутация. Жұмыс барысы әдетте бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен бренд пен креатор нақты келісімге келеді: қандай форматта, қанша контент дайындалады және ол қайда жарияланады. Содан соң креатор өнімді қолданып көріп, күнделікті өмірде қалай пайдаланатынын көрсетеді. Сол тәжірибе негізінде фото, видео немесе шолу дайындалады. Сонында контент брендке тапсырылады немесе креатор өз парақшасында жариялайды, — дейді Арайлым Маметаева.

Мұнда басты талап — шынайылық. Себебі UGC-контенттің күші дәл осы адал тәжірибеде жатыр. Аудитория көрген видеодағы эмоцияны және шынайы пікірді



сы — шынайылық, сенімділік және аудиториямен тіл табыса білу.

— Ақпарат ағыны күн сайын күшейген заманда адам баласы, ең алдымен, сенімге зәру. Жылтырақ жарнама, мінсіз бейне, жаттанды ұрандар біртіндеп өз әсерін жоғалта бастады. Дәл

дың ғана емес, кез келген қолданушының қолынан келетін әрекетке айналды. Осылайша, контент өндірісі орталықтандырылған жүйеден шығып, халықтың өз қолына өтті. Адамдар енді тек тұтынушы емес, ақпараттың авторына айналды.

ҚОҒАМ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Жақында Астанада Түркі мемлекеттері аутизм федерациясы осы мәселе төңірегінде жиын өткізді. Жиналған мамандар ерекшелігі бар азаматтарды оқытып қоймай, қоғамға бейімдеу үшін жұмысқа тұрғызуды да қарастыру керегін талқылады. Жиында: «Жұмысқа тұрғызу, бір маманға үйрету үлкен мәселе болып жатыр. Қазір қызым 13-ке келді, оның келешегін қатты уайымдаймын. Қазақстанда баламның баратын жері жоқ, ертең мектеп бітірсе, үйде отырады деген сөз», — деді Аутизм Қазақстан Ұлттық қауымдастығының төрағасы Нұрия Балтабайқызы.

Қазір елімізде 250 мыңға жуық ерекше балалар бар, сарапшылар оның 80 пайызы аутизм мен менталдық ерекшеліктерге ие болуы мүмкін дейді. Жиында талқыланған ұсыныстар Үкіметке хат түрінде жолданды. Мәселе түпкілікті шешілуі үшін кең көлемді жұмыстар атқарылу керегі бесенеден белгілі. Біз Bolashak Charity қоғамдық қорының Инклюзивті және әлеуметтік бағдарламаларының жетекшісі Самал Төлегенқызынан мемлекет тарапынан қандай қолдауларын барын сұраған едік. Оның айтуынша, дамуында ерекшелігі бар жандарды жан-жақты қолдау шетелде трендке айналған. Мысалы, қандай да бір ерекшелігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үлкен компаниялардың жауапкершілігі ретінде қаралады. Google, Facebook, Twitter, Uber, Microsoft сияқты ірі компаниялар жыл сайын ерекше жандарды жұмысқа орналастырып, қолайлы жағдай жасап жатқаны жайында арнайы есеп беріп отырады. Бұл қадам өзге елдерге үлкен үлгі болып отыр. Елде де қолдау мүмкіндіктері бар, бірақ бұл жеткіліксіз. 2025 жылғы статистикаға сәйкес, елімізде 732 мың мүмкіндігі шектеулі азамат бар, оның 381 мыңы — еңбекке жарамды жастар. Министрлік статистикасына сәйкес, 107 500 мүгедектігі бар адам жұмысқа тұрған.

— Мемлекеттік деңгейде жұмыс орындарын квоталау шарасы бар, жергілікті басқару ұйымдары жұмыс орында жалпы жұмысшы санының 2-4%-ын мүгедектігі бар азаматтарға беру керек деген квоталық орындар белгілеген. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есебінше, осындай квотамен 4500 адам жұмысқа тұрды деп айтылады, бірақ Үкімет жасап жатқан шара менталды бұзылысы бар жасөспірімдер мен ересектерге толық бағытталма қоймаған. Мүмкіндігі шектеулі дегенде, оның ішінде әртүрлі диагнозы бар адамдар бар. Аутизм және басқа да бұзылысы бар адамдар қиын категорияға жатады, оларды жұмысқа тұрғызбақ түгілі қоғамға бейімдеудің өзі үлкен күшті қажет етеді, — дейді Самал Төлегенқызы.

Иә, мемлекет тарапынан мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында арнайы субсидиялар да бар. Мысалы, 2024 жылы 62 орын субсидиялаудан өтіп, 27 мың адам карьералық орталықтарға барып, соның 16 мыңына арнайы субсидиямен жұмыс орындары ашылған. Сонымен қатар әлеуметтік қолдау басқармасы жұмысқа алынған мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жалақысының белгілі бір бөлігін төлеп береді. Мысалы, алғашқы жылы жалпы жалақының 70 пайызын, екінші жылы 65 пайызын, үшінші жылы 60 пайызын төлейді, ал қалғанын жұмыс беруші ұсынады. С.Төлегенқызы бұл шаралардың пайдасы мол болғанымен, аутизм бар адамдардың қоғамнан тысқары қалып жатқанын жеткізді.



АУТИЗМІ БАР ЖАСТАР ҚАЙДА БАРАДЫ?

Елімізде 2025 жылғы дерекке сүйенсек, 17 мыңнан аса балаға аутизм диагнозы қойылса, соның бесеуі ғана жоғары оқу орнында оқып жатыр. Денсаулық сақтау министрлігі бұл ерекшелікті аурулар тізіміне қосқан, алайда аутизмді бар жастардың білім алуы мен еңбекке араласуы түйткілді мәселеге айналып отыр. Аутизм жазылып кететін ауру емес, бұл ерекшелік 18 жастан кейін де жоғалып кетпейтіні түсінікті. Өкінішке қарай, елде 18-ге толған аутизмді бар жастардың қайда баратыны белгісіз...

А Айсұлу СЪЕЗХАН

ОҚУ-ӨНДІРІСТІК КОМБИНАТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Bolashak Charity қоғамдық қорының қолдауымен 2024 жылы «Оқу-өндірістік комбинаты» пилоттық жобасы іске қосылған. Жоба аясында аутизмді бар жоғары сынып оқушылары мен мектеп бітіріп, еш жерге бармаған жастар колледждер базасында 6 айлық қысқамерзімді оқудан өтеді.

— Оқу балаларға ертерек кәсіби бағдар алуға көмектеседі. 9-сыныпта оқып жүрген оқушыларды колледждерге апарып, таныстырып, тігін ісі, кондитер, аспаздық, 3D модельдеу, сәндік қолданбалы өнер, киім үлгісін декорациялау, т.б. салаларды игеруге, ересек өмірге дайындаймыз. Мінез-құлықты қолданбалы талдаушы мамандарымыз оқушыларға көмектесіп отырады. Балалар аптасына 2 рет 2-3 сағаттан практикалық білім алады. Олар кәсіби білім алуымен қатар, әлеуметтік дағдыларды үйренеді. Бір топта 10 оқушыдан болады, әрине, алғашында үлкен қиындық туыратыны рас, бірақ кейіннен топтық жұмыс арқылы қоғамға бейімделудің үлгісін көре аласыздар, — дейді бағдарлама жетекшісі.

Қазір аталмыш оқу-өндірістік тәжірибеге оқушылардың үшінші легі қатысып жатыр екен, бүгінге дейін 100-ден аса оқушы машық-кабілетін қалыптастырған. Оның 20-30-ы колледжде оқуға түскен. Жоба Астана, Қарағанды, Орал қалаларында жүріп жатыр. Тәжірибеден өткен жастар SphereCafe,



Kunde Cafe әлеуметтік кафесіне, Hilton қонақүйі, Lion тігін шеберханасында жұмысқа тұру мүмкіндігіне ие болған.

— Елімізде аутизмді бар адамдардың 1 пайызы ғана қоғамға сіңісіп, сәтті еңбек етіп жүр. Жекеленген компаниялар спектрдің сәл-пәл ерекшелігі бар, жоғары функционалды ересектерді ғана жұмысқа алады. Қоғамға әлі де терең түсінік, саналы пайым керек. Жұмыс берушілермен ұзақ уақытымыз келіссөз жүргізуге кетіп жатады. Балаға диагностика өткізіп, оның мықты әрі әлсіз тұсы, мінез-құлқындағы ерекшелігіне талдау жүргіземіз. Жұмыс ортасына барып анализ жасаймыз. Аутизмді бар адам қандай функцияларды атқарып, еңбек ете алатынын анықтаймыз. Мұның бәрі — қаншама уақытты, күш-жігерді талап ететін қадам. Оқушымыз 1-2 ай жұмыс істеп үйренісе алмаған, сәтсіз жағдайлар да болды, жетістікке жеткендері де жетерлік. Мақсатымыз — осы салада сәтті жүйе қалыптастыру, жастарды әрі қарай қолдап, қоғамға бейімдеу, — дейді С.Төлегенқызы.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМА АЗАЙЫП ЖАТЫР

Бүгінде инклюзив еңбек нарығын қалыптастыруға үлес қосып, ерекше жандарға әртүрлі көмек беріп жүрген жекелей азаматтар да бар. Мәселен, Nazarbayev University-нің түлегі Мәулен Ахметов аутизмді бар адамдарға арналған Kunde Cafe әлеуметтік кафесі мен кофехана ашқан. Ол бұл жобаны студент кезінен бастап қолға алған, алғашында көптеген сәтсіздікке ұшырап, бизнес серіктестері ақша жымқырған көрінеді. Мәулен 15-16 жасында қарттар үйіне барып, өзге де ұйымдардың жұмысына көмектесіп, ағаш отырғызып, адамдарға қолұшын созуды ұната бастайды. Кейін АҚШ-та FLEX бағдарламасының аясында 1 жыл білім алып, сонда волонтер ретінде 200 сағаттан аса жұмыс істейді.

— АҚШ-та адамдарға көмектесуді арнайы мамандық ретінде

қарайды, мұндайды алғаш рет көріп таңғалдым. Қазақстанға оралғанда, мерекелік бағдарламалар ұйымдастырып, онкологиялық ауруға шалдыққан балалардың еміне қаражат жинадым. Бірде Аделье деген 7 жасар баланың еміне ақша жинап жібердік. 3 айдан кейін баланың қайтыс болғанын естідім, бұл маған қатты ауыр тиді. Жаксы іс істесен, бәрі де қуанышпен аяқталады деп ойлайтынмын. Сол жағдайдан соң депрессияға түстім. Питер Сингер деген философты оқи бастадым. Мәселенің түпкілікті себебін анықтап, жағдай қайтала бермеудің амалын жасау керегін түсіндім. Осылайша, Kunde кафеcін аштым. Бір жылда бір рет сауапты іс жасауды емес, адамдарға күнде-күнде көмектесуді өмір салтына айналдырғым келді, — дейді М.Ахметов.

Мәулен мырзаның айтуынша, Kunde Cafe-ні ашарда, Nazarbayev University-мен Астанадағы Психикалық медициналық орталығы, Қазақстанның Психоналитикалық ассоциациясы мен Әлеуметтік кәсіпкерлер ассоциациясы көп көмегін тигізген. Сонымен қатар Астанадағы Жұмыспен қамту орталығының субсидиялық бағдарламасы жәрдем берген. Өкініштісі, әлеуметтік бағдарламалар саны азайып жатыр дейді кейіпкеріміз.

— Алматыдағы кофеханамызға мұндай мүмкіндік болмай жатыр, бюджет жоқ дейді. Қазір әлеуметтік бағдарламаларды азайтып жатыр, өкінішке қарай... Кофеханамыздың қаржылай жағдайы жоғары деп айта алмаймын, ептеп жұмыс істеп жатырмыз. Кофехана қызметінен бөлек, түрлі іс-шараға кофе-брейк, фуршеттер дайындап береміз. Шетелдік компаниялардан тапсырыс аламыз. Ерекшелігі бар жастарды өзіміз оқытамыз. Ата-аналар да белсенді қолдайды. Көптеген жұмыс орны аутизмді бар адамдарды жұмысқа алғысы келмейді, сондықтан да әр аймақта франшизамызды ашқымыз келеді, — дейді М.Ахметов.

«ӘПКЕМНІҢ АМАНАТЫН ОРЫНДАДЫМ»

Кей жандар инклюзия саласында жобалар атқаруды жастайынан мақсат санаса, енді біріне өмірдегі түрлі жағдай әсер ететініне куә болды. Атырау қаласының тұрғыны Ануар Бағытжанұлы әпкесінің арманын, аманатын орындау үшін инклюзив кофехана ашқанын айтады. Кейіпкеріміз кофенің не екенін білмей жатып, инклюзив кофехана ашқанына, қорықпай қадам жасағаныма кейде өзі таңғалады.

— Инклюзив кофехана ашу тұған әпкем — Арайлым Бағытжанқызының идеясы еді, өкініштісі, әпкем 2023 жылы Түркиядағы Алания қаласына демалысқа барғанда, көлік апатына түсіп, өмірден озды. Әпкем 2023 жылы Америкаға барып, инклюзив мейрамханалар, кофеханалар барын көріп, содан шабыт алып, елге келген соң бұл істі қолға алған еді. Әпкемнің бастамасымен Атырауда 2019 жылы «Зейін» ерекше балалар орталығы ашылған. Бұл — қаламыздағы алғашқы орталықтардың бірі. Әпкем Америкаға сапарынан кейін орталық ішінен инклюзив кофехана ашсам деп армандады. Әпкем өмірден өткен соң, арманын орындамақ болып, аманатын жерге қалдырмай, кофехана ашуды борышым деп санадым. 2025 жылы 15 наурызда BelYes инклюзив кофеханасының ресми түрде ашылуын жасадық, — дейді Ануар Бағытжанұлы.

Ануар мырза отандық мамандардан кеңес алумен қатар, Санкт-Петербург қаласына барып, әлеуметтік жобалармен, инклюзив кофеханалармен танысып, мол тәжірибе жинайды. Әпкесі одан бұрын Атыраудағы әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдауға арналған «Жарқыра» бағдарламасына қатысып, пайызсыз мөлшерде 4,2 миллион теңге қарыз ұтып алған. Сол қаражатты тиімді пайдаланып әрі «Самұрық-Қазына» компаниясына жобасын ұсынып, 4,5 миллион теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алады. Кәсіп иесі қазір қарызды біртіндеп өтеп жатқанын айтты.

Ануар мырзаның әпкесі ашқан «Зейін» ерекше балалар орталығы 1-21 жасқа дейінгі балаларға кешенді түрде қолдау беріп келеді. Ал ерекшелігі бар жастардың, жасөспірімдердің кофеханада жұмыс істеуі үшін алдымен «Зейін» орталығына жіберіледі екен.

— Елде коррекциялық орталықтар көп, бірақ олардың дені 13 жасқа дейінгі кішкентай балалармен жұмыс істейді де, жасөспірімдермен жұмыс жүргізуге әлі толық дайын емес. Министрлік әлеуметтік бағдарламаларды қолдауды арттырса деген ұсынысым бар. Қазір кофеханамызда 10 ерекше жасөспірімді оқытып жатырмыз. Олар күнделікті раннер қызметін істейді, тапсырысты апарып береді, кофехананың тазалығына жауапты. Сол дағдыларды үйретуге үлкен еңбек қажет. 2 жасөспірімге кофехана есебінен еңбекақы төлеп отырмыз. Мемлекет тарапынан қалған жастарға да еңбекақы төленсе, барлық жасты еңбекақымен қамтамасыз ете алсақ, нұр үстіне нұр болар еді, — дейді кофехана иесі.

Ануар Бағытжанұлының айтуынша, кофеханаға келушілер қазірдің өзінде екінші кофехана қашан ашылады, қала орталығында болса жиі келер едік, қолдар едік деп шынайы лебізін білдіреді екен. Алайда барлық іс қаржыға келіп тіреледі, сондықтан қолдау тетіктерін қарастырып жатырмыз дейді. Қысқасын айтқанда, инклюзив еңбек нарығын қалыптастыру үшін ерекше қолдау қажет...

МӘСЕЛЕ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Елімізде шаруасы шатқаяқтап, тасы өрге домаламай, ісі бірізділікке түсе алмай, ақсап тұрған бір сала болса, ол – тері өңдеу бағыты. Тері өндірісі, тері жинау, алып-сату саласындағы қордаланған түйткілдер ұдайы көтеріліп келеді. Дегенмен көңіл көншітер өсім байқалмайды.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, Қазақстанда ірі қара малдан 2023 жылы – 2,54 млн, 2024 жылы 2,78 млн дана тері жиналған. Ал ұсақ малдан 2023 жылы – 7 млн данаға жуық, 2024 жылы 6,41 млн дана алыныпты. Ал 2025 жылы тері және теріден жасалған тауарлардың өндіріс көлемі шамамен 16,9 млрд теңгені құраған. Бұл сектор жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің ішінде 10-15% шамасында үлес алады.

АШМ дерегінде 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарда тері өңдеуші кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында 200-ден астам мал терісін дайындайтын әрі жинайтын пункт ашу және мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру қарастырылған. Одан бөлек, кешенді жоспар аясында теріні тереңдете өңдеу бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру көзделіпті. Жаңа кәсіпорындар салу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту, мал терілерін өңдеу кәсіпорындарының шығындарын өтеу шаралары да бар.

Әйтсе де, Қазақстан тері және жүн өңдеушілер қауымдастығының төрағасы Нұрман Нүптекеев тері өңдеу саласында ауыз толтырып айтатын жүйелі істің болмауына алаңдаулы. Егер бұлай кете берсе, салада тоқырау болатын көрінеді.

— Қазақстанда тері өңдеу саласы кейінгі он жылда кері кеткеннің кебін киді. Ол, біріншіден, әлемдік нарықта сұраныстың төмендеуі мен бағаның құлдырауынан туындады. Негізгі сатып алушы қытайдың тері өңдеу саласы кейінгі он жылда екі-үш есе төмен түсті. Көптеген зауыттар жабылды. Сұраныс болмаған соң баға да 80-83%-ға кеміді. Өзін-өзі ақтамағаннан соң көп кәсіпкер банкрот болды, көп зауыттар жабылды. Қазір тек сапалы, бәсекеге қабілетті өнім шығарған кәсіпорындар ғана қалды. Осыдан он бес жыл бұрын Қазақстанда 19 зауыт болса, қазір содан 9 зауыт қана қалды, олардың көбісі шалажансар күйде тұр. Осыдан-ақ тері өңдеу саласының қандай жағдайда екенін көруге болады. Тері өңдеу өте күрделі сала, өте көп қаражатты талап етеді. Себебі қондырғылары, химиялық қоспалары өте қымбат, — дейді сарапшы.

МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ БАЙҚАЛАДЫ

Салаға байланысты «Технология және жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің дизайны» мамандығы оқытылады. Оның ішінде тері және былғары бұйымдарының технологиясы, дизайны бағыты бойынша Атырау, Алматы және Тараздағы ғана жоғары оқу орындары ғана білім береді. Алайда тері өңдеу саласына баратын мамандардың аздығы, маманның жетіспеуі тері өндірушілер қауымын уайымдатады.



ТЕРІ ӨҢДЕУДЕГІ ТОҚЫРАУ

— Бұл саланы дамыту үшін мықты мамандар даярлаған кешенді жоспар, мемлекеттік бағдарлама керек. Тері шикізатының сапасын жақсартудан бастап, соңғы өнім шығарғанға дейін қаржылай қолдап, мықты мамандармен қамтамасыз еткен жөн. Ал қазір оның бәрі тапшы, бағдарлама да жоқ, қаражатта жетпейді, маман да жоқ, маманды қойғанда жәй қарапайым жұмысшы да табу қиын. Қазір елімізде қалған тері зауыттары шикізатты жартылай өңдеп ақуыз, желатин, белкозинге жіберіп күн көреді. Себебі ІҚМ терісінің 75-80%-ның сапасы тек соған ғана жарап тұр. Сондықтан да бағасы өте арзан. Ал жақсы сападағы терілер шетел асып кетіп жатқан жайы бар. Жақында БАҚ беттерінде Қордай тері зауытында тері жоқ, жұмыс тұралап тұрғаны туралы материалдар тарады. Әйтпесе, тері өңдеу біздің атақәсібіміз емес пе?! Ал бүгін бұл сала жетім қозының күнін кешіп келеді. Қытай, Түркия секілді алпауыттарды айтпағанда, Ресейге, тіпті Өзбекстанға жете алмай отырған жайымыз бар. Үкіметте саланы білетін маман жоқ. Маман болмаған соң біздің жанайқайымызды ешкім түсінбейді, айтамыз, айтамыз, сол қалпында қала береді, — дейді Н.Нүптекеев.

Абылайхан Мырзаев ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығы, тері кәсіпшілігінде жұмыс істеп, зейнетке шыққан. Ол күндіз-түні мал бағып, оны кәдеге жаратып, терісін өткізіп, жүнін өңдеу оңай шаруа емес екенін айтады.

— Уағында колхоздың малын бақтық. Дербестік алғаннан кейін әркім өзінше өмір сүріп жатты. Біз сол атақәсіп, мал шаруашылығында өмір бақи істеп бүгінде 72 жасқа келдім. Қыстың суығы, жаздың ыстығында малмен айналысу оңай емес. Алғашқы жылдары теріні, жүнді базардағы алыпсатарларға 200-300 теңгеге пұлдап жүрдік. Өйтпесең, тері бозданып, тез бұзылады немесе далада қалып ит пен құсқа жем болады. Баяғыда апа-әжелер жүн түтіп, ұршық иіріп, көрпе-жастық жасайтын. Қойдың терісін босаға төсеніш етіп, әйтеуір кәдеге асыратын.

ған. Өйткені теріні жинау, сақтау мен жол шығыны қалтаға ауырлық етіп отырған көрінеді.

— Тері өңдеу саласында еңбек ететін жандар мәселенің шешілгенін қалап жүрміз. Түсінікті болу үшін нақтылай өтейін. Теріні елді-мекендерден жинап, кәсіпорындарға дейін жеткізу бір машакат. Мәселен, Қостайдан шыққан 20 тонна өнімді өзге өңірлерді зауытқа жеткізу үшін кемінде 600-700 мың теңге жол шығыны жұмсалады. Біз Шығыс және Солтүстік өңірлерден тері жинаймыз, зауытқа өткіземіз. Өз қаражатымызбен Ресейге де, тасымалдап жүрміз. Бірақ терілер тиісті орынға жетпейінше, олар ақша аудармайды. Кейінгі кездері Қытайға бүкіл әлем тері жеткізетін болып алғандықтан, сапаға қойылатын талапты да күшейтіп тастады. Теріні жинап тұздап, химиялық тазалау оңай емес. Қолдау жоқтығынан көбісі басқа салаға ойысты.



Алматыдағы «Жетісу» фабрикасынан шыққан неше түрлі былғары аяқкиім, тон киіп жүретінбіз. Қазір мал сойылса, тері мен жүн аякасты болып жатыр. Онымен тұрақты айналысып, істің көзін білетін адамдар да сиреді. Ізімізді басқан төрт түліктің жайын білетін, тері илеп, жүн түте алатын адам некен-саяқ. Атақәсіптен ада болып қалмасак екен, — дейді зейнеткер.

ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУДЫ КҮТЕДІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дереккөздеріне сүйенсек, қазір Қазақстан аумағында тері өңдейтін 9 кәсіпорын бар екен. Аталған өндіріс орындарының жылдық қуаты 3,3 млн дана ірі қара терісін, 4 млн ұсақ мал терісін өңдеуге қауқарлы көрінеді. Біздің елдің төрт түліктен алынатын тері өнімдері шикізат күйінде Қытай, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, тіпті құрлық асып, Африканың Нигерия еліне жөнелтіледі. Ең көп сұранысқа ие қой мен сиыр терісі болып тұр.

Теріні жеткізумен айналысатын кәсіпкер Самат Сейілханұлы да бұл салаға мемлекет тарапынан барынша қолдау қажет деп санайды. Оның сөзінше, уағындағы тері алып-сатып, тіпті алыс-жақын шетелдерге де жеткізіп жүрген адамдардың бүгінде қарасы азай-

Ал мал бордақылау, шаруа қожалықтармен келісімшарт түзіп, жұмыс бір ізге түскен. Мұнда мәселе жекелеген адамдардың малды жөнді соймай, теріні тілім-тілім қылып немесе гигиеналық талаптарды сақтамауында болып тұр. Бір кездері тері өндірушілерге 5 пайызбен жеңілдетілген несие беріліп, 85 пайыз кепілдеме «Даму» қоры арқылы реттелетін дейтін ақпарат тарап еді. Ол да беймәлім күйде. Ал субсидиядан үмітімізді әлдеқашан үзгенбіз. Бізге тері өңдеу саласына ұлттық бірегей бағдарлама қажет деп білеміз, — деген ниетте кәсіпкер.

ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ ЖАНДАНАТЫН КӨРІНЕДІ

Үкімет дерегінше, мал шаруашылығын кешенді дамыту үшін өндіріс көлемін ғана емес, сонымен қатар саланың қосылған құнын арттыру да маңызды саналады. Осы бағытта тері мен жүнді өңдеу жобалары іске асырылып жатқан көрінеді. Атап айтқанда, Ақтөбе облысындағы «КАФЕЛТЕК» ЖШС жүннен жылу оқшаулағыш материалдар өндіру жобасын жүзеге асыруда, ал Алматы қаласында Iskefe Holding ЖШС ауыл шаруашылығы жануарларының терісінен желатин өндіру жобасы іске аспақ. Сондай-ақ тері мен жүнге салынатын экспорттық

кедендік баж салығы алынып тасталды. Тері өңдеу саласындағы істердің жай-жапсарын Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Мал шаруашылығы департаментінің директоры Бағлан Аймырзаев түсіндіріп берген еді. Ол тері өндіру ісінде алға ілгерілеушілік бар екендігін, өңірлерде тері, жүн өңдейтін зауыттар құрылысы қолға алынғандығын, бұл бағытта назар аударылып келе жатқандығын жеткізген болатын.

— Мемлекет тарапынан тері өңдеу саласына қолдау бар. Мәселен, Ақтөбе облысында жүн өңдейтін KazFelТес деген зауыт ашуды диттеп отырмыз. Бұл өндіріс жүннен құрылсқа қажетті материалдар да шығармақ. Ынталандыру мақсатында жүннің келісіне 200 теңге субсидия беруді қарастырдық. Жүнді халықтан жинау үшін сервистік дайындау орталықтары түзіліп, оларды жеңілдетілген несиенен қолдаймыз. Алматыда Түркияның Iskefe Holding компаниясы тері өңдеу зауытын салғалы жатыр. Бұйырса, 2027 жылы теріні өңдеп, желатин өндіріледі. Осылайша, дамыған елдердегідей мал шаруашылығын дамытып, өңдеу технологиясына көшіп, ел қазынасы толығына түспек, — дейді департамент басшысы.

Былыттардан бастап тері өңдеу саласында оң динамика байқала бастаған. Бұрын жұмысы тұралап тұрған кәсіпорындар ісі қайта жанданып, шетел инвесторлары қаржыландырып, бірізділікке түсе бастаған көрінеді. АШМ деректеріне сенсек, таяуда Орал қаласында үш жылдық үзілістен кейін «ПОШ Руно» ЖШС былғары өңдеу кәсіпорны өз жұмысын қайта бастаған. Ирандық инвесторлардың қатысуымен Persist Kazakh K&K компаниясы арқылы кәсіпорынды қалпына келтіру процесі басталған болатын. Жобаның жалпы инвестиция көлемі 1 млрд теңгені құрады. Кәсіпорын қуаттылығы жылына 800 мыңнан астам тері өңдемек. Сонымен қатар Арқалықта тері өңдеу зауытына қытайлық инвесторлар 6 млрд теңгеден астам қаражат құйып, жұмысы қайта жандана бастады. Жылына 12 мың дана өнім шығару диттеліп отыр.

Үкімет Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын мақұлдады. Мал шаруашылығы тері мен жүн өндіру саласына тікелей қатысты. Бұл бағдарламадан, тері өңдеу саласындағы кәсіп иелері де үмітті. Демек, тері өндіруге бізде сұраныс та, шикізатта, айналысамын деген ниетті жандар жеткілікті болып тұр деген сөз. Тек жүйелі қолдау қажет-ақ.

Токетері, ауыл шаруашылығының барлық ақпараттық жүйелерін біріктіретін «Е-АӨК» платформасы әзірленуде. Сондай-ақ тері мен жүнге салынатын экспорттық кедендік баж салығы алынып тасталды. Бүгінде тері мен жүн экспорттайтын 15 кәсіпорын жұмысы қайта жандана бастады. Осылайша, атақәсіптің бойына қан жүгірсе, төрт түліктен алынған тері өңделіп, тұрмыстың барлық саласына қолданылмақ. Бұл өз кезегінде импортқа тәуелділікті азайтып, отандық өнім көрсеткіші артып, текстильдік өндірістің қарқын алуына жол ашпақ.

ӘЛЕУМЕТ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



40 500 жұп ажырасқан. Ажырасудың жалпы коэффициенті 2,01 (1000 адамға) тең. Мұндай жағдайда мүлік, бала, қаржы мәселесі үлкен дау-дамайға айналады. Сондықтан неке шарты кейбір жұп үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етумен бірдей. Екінші себеп, баланың мүддесі. Қазіргі неке келісімшарттарында алимент, білім, баспана сияқты тармақтар алдын ала көрсетіледі. Бұл — эмоцияға емес, баланың болашағын қамтамасыз етудің жолы. Үшіншіден, құқықтық сауаттылық. Неке келісімшарты жас жұбайларды қаржы, жауапкершілік жа-

куәландырылуы тиіс. Нотариус тараптардың еркін білдіруін және келісімнің заң талаптарына сәйкестігін тексереді. Кодекстің 41-бабына сәйкес, ерлі-зайыптылар неке келісімшарты арқылы: ортақ мүліктің, жеке мүліктің немесе үлестік меншіктің тәртібін; кірістер мен шығыстарды бөлу тәртібін; несие, ипотека, қарыздар бойынша жауапкершілікті; неке бұзылған жағдайда кімге қандай мүлік берілетінін айқындауға құқылы. Сонымен қатар заң балаларға қатысты маңызды ерекшелікті де көздейді.

— Иә, неке келісіміне баланың мүліктік жағдайына қатысты талаптарды енгізуге болады. Яғни, неке келісімшартында: баланың белгілі бір мүлікке меншік құқығы; тұрғын үйді пайдалану құқығы; баланың атына рәсімделетін мүлік немесе жинақтар сияқты мүліктік сипаттағы мәселелер көрсетілуі мүмкін. Алайда заң бойынша неке келісімшарты: баланың кіммен

тары жұбайлардың бірін өте қолайсыз жағдайға қалдырса немесе баланың мүліктік құқықтарын бұзса, сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін (43-бап).

— Неке келісімшарты — ажырасуға дайындық емес. Бұл — ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімін заң аясында нақтылап, ортақ жауапкершілікті алдын ала айқындау. Құжатты жасау кезінде ең бастысы эмоцияға емес, заңға сүйену, әр тармақты түсініп, кәсіби заңгермен кеңесу қажет. Дұрыс жасалған неке келісімшарты отбасындағы тұрақтылықты сақтауға және даулы жағдайлардың алдын алуға әсер етеді, — деп сөзін қорытындылады заңгер.

ТАҢДАУҒА ТАЛАС ЖОҚ

Неке келісімшартын жасаған жанның бірі — Гаухар Қасымова (ред. Есімі өзгертілді). Ол бұл ұсынысты күйеуіне той алдында айтыпты.

— Өзім заң факультетінің түлегімін. Неке шартын жасауды осыдан үш жыл бұрын ойладым. Себебі әлеуметтік желіде «далада қалып қойдым», «алимент төлемей кетті» деп өкінетін қыздар көп. Болашақта не күтіп тұрғанын ешкім білмейді. Адам да бір сәтте өзгеріп кетуі мүмкін. Сондықтан бұл ұсынысымды жігітіме алдын ала түсіндірдім. Ол «маған сенбейсін бе?» деп қарсы болды. Бірақ мен балаларымыздың болашағы үшін бұл шарттың керек екенін барынша түсіндірдім, — дейді Гаухар Қасымова.

Ең қызығы, Гаухар мен жолдасының неке шартын жасағанын туыстары мен достары білмейді. Бұл да келісімшарттың бір тармағында көрсетіліпті.

Неке келісімшарты — тек қарапайым адамдардың емес, әлемге танымал тұлғалардың да таңдауы. Мәселен, музыка индустриясының жұлдыздары Бейонсе мен Джей-Зи неке келісімін нақты тармақтармен жасаған. Онда балалардың болашағы, қаржылық міндеттер анық көрсетілген. Бұл олардың отбасын әлсіреткен жоқ, керісінше ұзақ жылдар бойы даусыз өмір сүруіне мүмкіндік берді.

Бірнеше жыл бұрын Анджелина Джоли мен Брэд Питтің ажырасуы әлемдік жаңалыққа айналды. Бірақ көпшілік байқағаны — мүлікке қатысты ұзақ сот даулары болмады. Себебі неке келісімі бар еді. Негізгі тартыс балаларға қатысты болды. Бұл құжаттың басты миссиясы артық даудан қорғау екенін көрсетті. Ал Ким Кардашьян мен Канье Уэст сияқты миллиардерлер үшін неке келісімі брендті, бизнесті, шығармашылық өнімді қорғаудың заңды жолы болды. Эмоция мен қаржы араласпауы үшін жасалған қадам. Тіпті, қарапайым өмір салтымен танылған Марк Цукерберг пен Присцилла Чан да неке келісімін жасаған. Себебі ірі бизнес пен отбасы арасындағы шекараны нақтылау — жауапты шешім.

Қазақта «келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ендеше неке келісімшарты махаббаттың жоктығы емес, махаббатты қорғаудың бір тәсілі іспетті. Бұрын бұл міндетті салт-дәстүр атқарса, бүгін оны заң атқарып отыр.

НЕКЕ ШАРТЫ:

КӨЗҚАРАС

Қазақ қоғамында кейінгі жылдары бұрын тосын көрінген «неке шарты» қалыпты жағдайға айналып келеді. Бұл құжат бүгінде жауапкершілік пен саналы таңдаудың белгісі ретінде бағаланып жүр. Бірақ көптің көкейінде бір сұрақ: қазақта неке шарты болмаған, бұл дәстүр бізге қайдан келді және болмысымызға сай ма? Осы сұрақтың жауабын іздеп көрдік.

Көктем ҚАРҚЫН

Дәстүрлі қазақ қоғамында неке тек екі адамның емес, екі әулеттің одағы болды. Қалыңмал, жасау, әменгерлік, жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты қағидалар некенің құқықтық және моральдық негізін реттеп отырды. Яғни, қағазға түспесе де, некенің өз «шарты» бар еді. Ер адамның отбасы асырау міндеті, әйелдің отбасы ұйытқысы болуы жазылмаған заң болатын. Баланың құқығы ру, ата-ана, ауыл арқылы қорғалды. Сондықтан жекеменшік, мүлік бөлісі, алимент сияқты мәселелер бүгінгідей өзекті болған жоқ. Қоғамдық бақылау күшті, ажырасу сирек, ал жауапкершілік ұят пен ар арқылы реттелді.

Ал неке келісімшарты бізге батыс қоғамынан жеткен құбылыс. Ол жекеменшікке, дара жауапкершілікке, заң арқылы реттеуге негізделген қоғамда пайда болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшті, жеке мүлік көбейді, әйелдер де, ерлер де экономикалық тұрғыда дербес бола бастады. Осы өзгерістер отбасылық қатынастарға да әсер етті.

Бүгінгі неке — көбіне екі тұлғаның серіктестігі. Ал серіктестік болған жерде міндет пен жауапкершілікті нақтылау қажеттілігі туады. Неке келісімшарты осы қажеттіліктен шықты. — Негізі, неке дегеннің өзі бір шарт. Неге ерлі-зайыптылар некелеседі? Жай ғана қыз жігіт бо-

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚҰБЫЛУЫ



лып жүруіне, бірге тұра беруіне де болар еді ғой. Бірақ біз салт-дәстүрге сай құдалық, той жасап, мешітке барып неке қидырып, заң бойынша отбасын құрамыз. Өйткені неке дегеннің өзі шарт деген сөз. «Мына кісіні жұбайым деп қабылдап, қиындық пен қуанышта бірге болуға уәделестік» деп жарияға жар саламыз. Ерлі-зайыптылар некелескеннен кейін бір-біріне жауапкершілігі артады. Белгілі бір талаптарға бағынады. Ендеше некенің өзі шарт, — дейді отбасылық психолог Ержан Мырзабаев.

Оның айтуынша, қазір қоғам некенің құндылығын ұмытып кетті. Қыз бен жігіт ертең ортамыз бұзылса, осындай Қылмыстық кодекске дайын болуымыз керек деп келісімшарт жасауды жөн санайды. «Әрине, бұл — дұрыс. Некенің шарт екенін түсінбеген адамға оны жазып көрсету керек. Қол қойылуы, оған белгілі бір жауапкершілік болуы қажет», — деді психолог.

БҮЛ БАҒЫТҚА НЕГЕ БЕТ БҰРДЫ?

Жұптардың неке шартын жасауының басты себебі, ажырасу санының артуы. Статистикаға үңілсек, 2024 жылы елімізде шамамен 123 600 неке тіркелді. Сол жылы шамамен

ғынан ашық сөйлесуге мәжбүр етеді. Бұл көп жағдайда некені әлсіретпейді, керісінше нығайтады.

Астана қаласы адвокаттар алқасының мүшесі, заңгер Әлімжан Жұбатқановтың пікірінше, соңғы уақытта қоғамда неке келісімшартына қызығушылық артып келеді. Бұрын бұл құжатқа сенімсіздікпен қаралса, бүгінде көптеген жұп оны болашақтағы даулы мәселелердің алдын алудың заңды тетігі ретінде қабылдай бастады.

— Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 39-бабына сәйкес, неке келісімшарты — некеге отыратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және неке бұзылған жағдайда мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім. Неке келісімшарты қалай және қашан жасалады? Заң бойынша неке келісімшарты: некеге отыруға өтініш берілген күннен бастап, неке тіркелгенге дейін немесе некеде тұрған кез келген уақытта жасалуы мүмкін. Ал неке тіркелмей тұрып жасалған келісімшарт неке АХАТ-та тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Бұл талап кодекстің 40-бабында нақты көрсетілген, — дейді Әлімжан Жұбатқанов.

Заңгердің айтуынша, келісімшарт міндетті түрде жазбаша түрде жасалып, нотариалды

тұратынын; алимент төлеу тәртібін; ата-анамен қарым-қатынас жасау мәселелерін реттей алмайды. Бұл 41-баптың 3-тармағында тікелей тыйым салынған, себебі баланың жеке құқықтары ата-ананың келісімімен шектелмеуі тиіс, — дейді адвокат.

Әлімжан Жұбатхановтың пікірінше, заң неке келісімшартын ерлі-зайыптылардың өзара келісімімен кез келген уақытта өзгертуге немесе бұзуға мүмкіндік береді. Ал бір тараптың келісімі болмаған жағдайда, шарт сот тәртібімен қайта қаралуы мүмкін (42-бап). Егер шарт талап-



Бүгінгі неке — көбіне екі тұлғаның серіктестігі. Ал серіктестік болған жерде міндет пен жауапкершілікті нақтылау қажеттілігі туады. Неке келісімшарты осы қажеттіліктен шықты.

ЖАНСАРАЙ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Биыл ақын, журналист, айтыс өнерінің жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман 75 жасқа толды. Сөз өнерінің сардары елу жылдан астам уақыт бойы айтыс өнерінің жандануына өлшеусіз үлес қоса білді. Таяуда ақынның дәл туған күнінде ағамыздың шаңырағына арнайы жол түсті. Жетпістің бел ортасына келген қазақ руханиятының көрнекті өкілін мерейтойымен құттықтап, сүбелі сұхбат құрып қайттық. Сұхбат барысында ақын сәулелі ғұмырындағы қуанышы мен өкініші, өмірден өткен достары туралы жан-сырын ақтарды.

Жүрсін ЕРМАН,
ақын, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері:



Отты да жігерлі ШАҒЫМ АЙТЫС ӨНЕРІНДЕ ӨТТІ

— Жүрсін аға, өлең дейтін өлкеде өмір сүргеніңізге көп болды. Өлең сізді тапты ма, сіз өлеңді іздедіңіз бе?

— Өлең мені тапқан жоқ, мен өлеңді тапқан жоқпын. Ақындық — адам баласына Құдайдан берілетін, аспаннан түскен ғайып өнер. Сол өнер менің де басыма қоныпты.

— «Ақын боп өмір кешу оңай деймісің, қарағым, аузында жүру сыздаған ауыр жараның» дейді Төлеген ақын. Сіз үшін ақын болу деген не?

— Ақын болу — жүректе туған жан сырынды елге бөлісу. Мүмкіндігін болса барынды ашып айту, халыққа жеткізу деп білемін. Ақындық деген одан басқа ештеңе де емес. Төлегеннің де, Мұқағалидың да, Қасымның да ақындық қандасы осы ғой деп ойлаймын. Өзім де сол жолдамын. Ақын болудың негізгі миссиясы — ішінде жиналған ой-пікірді, жүрегінді мазалаған сезімдерді халқына жеткізу, сол арқылы рухани үндестік табу.

— Қаламгер саясаттан бөлек өмір кеше ала ма?

— Кешеді. Қазір менің саясатпен шаруам жоқ. Алайда ел ішінде болып жатқан саяси үдерістен тыс қалмай, назарымда ұстаймын. Қазіргі уақытта конституциялық реформаларға байланысты қоғамдық пікірталас қызу жүріп жатыр. Бұл жағдайдың бәрін жіті бақылап отырамын. Осындай саяси оқиғаларға қатысты менің де өз пікірім бар. Бірақ оның барлығын айтып, жұртқа жария етпеймін.

АЙТЫС ӨНЕРІ МЕНЕН КӨП НӘРСЕНІ АЛЫП ҚОЙДЫ

— «Айтысты тірілтемің деп жүріп, өзім өлуге айналыппын»

деген едіңіз. Ғұмырыңыздың көп уақытын айтысқа арнадыңыз. Бұл өнер сізге не берді?

— Иә, айтылған сөзде шындық бар. Айтыс өнері менен көп нәрсені алып қойды. Алтын уақытым, отты да жігерлі шағым осы жолда өтті. Сол себепті біраз уақыт өлеңнен шет қалғаным да рас. Осы жағдайым үшін өкінемін. Біршама уақыт бойы көп дүние жазылмай қалды. Дегенмен тағдырдың бергеніне шүкір етемін, осыған да тәубе деймін.

— «Жалаң аяқ жар кешіп жүріп», айтысты тірілтіңіз. Осы өнерді қолға алған кезде алдыңызда қандай мақсат тұрды?

— Мен айтыс өнерін сонау 1974 жылы бастадым. Содан бері арада жарты ғасырдан астам уақыт зулап өтіпті. Бұл өнерді қолға алған кезде алдымызда тұрған негізгі мақсат — ақсүйек өнерді тірілту, қазақтың шапан киген өз өлеңін шекпен кигізіп өзіне қайтару еді. Сол арқылы ұлттық рухты көтеріп, елдік мұраттарды насихаттауға күш салдық. Бар ғұмырымның елеулі бөлігі осы жолмен сабақтасып жатыр. Елу жылдан астам уақыт бойы сол мақсатқа жету жолында қызмет еттім.

— Манап Көкенов, Тәушен Әбуова, Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбіл, Ерік Асқаров, Әзімбай Жанқұлиев... Айтыс өнерінде ізі қалған тағы кімдерді жоғалттық?

— Негізгі адамдар өзіміз атап өткен сол есімдер ғой. Табиғи айтыстың үлгісін көрсете білген Әселхан Қалыбекова, Тәушен Әбуова, Қонысбай Әбіл сынды ірі тұлғаларымызды қазір сағыныспен еске аламыз. Кезінде Көпбай

Омаров деген талантты ақын болды. Кейін Ташкентте жүріп, 60 жасында дүниеден өтті. Әсияның мақамы, Қалыбекованың ешкімге ұқсамайтын өзгеше дарыны, Қонысбайдың шындықты ту еткен жырлары халықтың жадында қалуға тиіс. Олардың әрқайсысы айтыс өнеріне жаңалық әкеліп, көне дәстүр мен жаңа заманның арасын жалғаған ірі таланттар болды.

— «Батпақтап Оралға барып айтып жүргенімде айтыстың ешкімге қажеті жоқ еді. Бүгінде бұған еге болатындар табылды» деген едіңіз бір сұхбатыңызда. Қазір де сол пікірдесіз бе?

— Қазір бұл пікірімнен айныдым. Менің батпақ кешіп, ақын іздеп жүргенім 1984 жылдың көктемі болатын. Батпақтап Торғайға да, Оралға да бардым. Ал қазір айтыс өнеріне бет бұрған жастар шет-шетінен өздері келе жатыр. Әсіресе, студенттер, аспиранттар айтысты өздері іздеп келетін болған. Бұрын мен оларды іздесем, енді олар мені іздеп келеді. Айырмашылық осыдан-ақ аңғарылады.

БІР ЖАМАННЫҢ БІР ЖАҚСЫСЫ БОЛАДЫ

— Айтыс деп жүріп, шығармашылығыңыз сырт қалып қоймады ма?

— Шығармашылығым сырт қалып қойғаны рас. Шынында айтыс көп уақытымды алып қойды. Осы үшін өкінгеніммен, бірақ бұл — халыққа қызмет ететін өнер. Айтыс өнері жеке шығармашылығыма көп зиянын тигізгеніммен, халыққа пайдасын беріп жатыр деп ойлаймын. Бір жаманның бір жақсысы болады емес пе?!

— Өмірде бірге жүрген достарыңыздың да шеті ыдырап жатыр. Әсіресе, «Несағаның қайғысы жанымға қатты батты» деген едіңіз. Достық деген ұғым қандай болуы керек? Сіздің жан аяспас достарыңыз кім еді?

— Кіммен өмір сүрсең, өзің де сондай боласың. Өкінішке қарай, талай аяулы достарым бұл дүниеден өтті. Ең жақын досым Несіпбек Айтұлы еді. Ол — қазақтың сұрапыл талантты ақыны болған. Одан бөлек, профессор Асқар Егеубаев, Намазалы Омашев, «атағы жоқ академик» Тұрсын Жұртбай, қазақ журналистикасының көшін бастап тұрған Жанболат Аупбаев сияқты азаматтар бар. Менің достарым осы кісілер еді. Айналадағы достарың қандай болса, өзің де соған ұқсай бастайсың. Бұл достыққа ештеңе де жетпейді.

— Елімізде нағыз айтыс өнерінің мектебі қалыптасты деп айта аламыз ба?

— Иә, қалыптасты деп айта аламын. Бұлай деуге толық негіз бар. Оның бірден-бір көрсеткіші — қазір барлық облыста Айтыс одағының филиалы жұмыс істейді. Қазақстанның біршама облысында айтыс өнерінің мектебі ашылған. Орал өңіріндегі Жымпитыда Жүрсін Ерман атындағы ақындар мектебі бар болса, Қызылжарда Ерік Асқаров атындағы жас ақындар мектебі талапты балаларды тәрбиелеп отыр. Түптеп келгенде, осының барлығы айтыс өнерінің жетістігі деуге болады.

ҚАЗІР АЙТЫСҚА ҚУАТТЫ, ҚАРЫМДЫ ЖАСТАР КЕЛІП ЖАТЫР

— Қазір айтыс өнерінде жаңа буын қалыптасып келе жатыр. Осы бір ұлттық өнерге ден қойған жас толқынның ізденісіне көңіліңіз тола ма?

— Бүгінгі буынға көңілім толады. Қазір айтыс өнеріне қуатты, қарымды жастар келіп жатыр. Бір толқынды бір толқын қуып, бірінен-бірі асып түсетін небір

дарынды ақындар көптеп келе бастады. Осындай таланттардың арқасында қазақ айтыс өнерінің дариясы толысып, кемелдене түспек. Мәселен, Қызылордадан шыққан Орынбасар деген жігіт әуелде жыршы, термеші болып шықса, қазір айтыстың алдыңғы шебіне шықты. Бұдан өзге Нұрбол Жауынбаев атты ақтөбелік ақынның өнері қандай тамаша?! Айтыс өнеріне келіп жатқан бүгінгі жастардың аяқ алысы қуантады.

— Сол бір буынның арасынан айтыс өнерінде қарым-қабілетімен көзге түсіп жүрген, орамды ойларымен көрерменге қуат беретін қандай есімдерді атар едіңіз?

— Қайсыбірін айтайын?... Оның бірін атасам, бірі қалып қояды. Дегенмен қазіргі қазақ айтыс өнерінің көшін бастап тұрған — Мұхтар Ниязов. Сонымен бірге елуге аяқ басқалы отырған түркістандық Бекарыс Шойбеков бар. Олар айтыс өнеріне жаңалық әкелді, әкеліп те жатыр.

СЫРЛАСЫМ ДА, МҰҢДАСЫМ ДА — ӨЛЕҢ

— Бүгінгі айтыс өнері қоғамда болып жатқан түйіткілдерге қаншалықты үн қосып отыр?

— Негізінен, айтыс өнерінің қамтымайтын тақырыбы жоқ. Қоғамда қандай құбылыстар болса, соның бәріне айтыс үн қатып келе жатыр. Айтыс кезінде біз қозғайтын тақырыптар да сол өмірінде болып жатқан оқиғалардан туындайды. Айтыскерлер еш боямасыз, ағаттығы мен артық-кемі жоқ күрделі мәселелерді батыл қозғап жүр.

— Ақындардың көбі «сырласым да, мұңдасым да — өлең» дейді. Сіз ше? Кімге сыр айтасыз?

— Менің де сырласым да, мұңдасым да — өлең. Менің ең үлкен досым — Абай. Әр сөзін салмақтап, әрбір ойымды сол Абай арқылы тексеремін. Одан артық дос бола ма?!

ХАЛЫҚҚА РУХАНИ АЗЫҚ СЫЙЛАУ ЖОЛЫНДА ЕНБЕК ЕТтім

— Жүрсін аға, бүгін жетпістің бел ортасына қадам басып отырсыз. Жарты ғасырдан астам уақытты артқа шегерген өмір жолыңызға қарап нендей баға берер едіңіз?

— Аузынан түспейтін темекісі, Мен екенмін бүгінгі көне кісі. Бір жанмын басқалардан

бөлек ісі, Туған күнім ақпанның 12-сі...

Артыма көз салсам, өкінетін дүние көп. «Өттеген-ай» дегізген сәттер де аз болған жоқ. Оның қайсыбірін айтайын?! Бірақ пайғамбардың «Өткен іске өкінбе» деген хадисі бар. Сондықтан барлық жағдайға үмітпен қараған жөн. Мен мүмкіндігінше қолымнан келгенін жасадым. Халыққа рухани азық сыйлау жолында еңбек еттім. Сол үшін еш өкінбеймін. Бір адамның ғұмырына жететін қуаныш пен қиындықты, бейнет пен бақытты қатар бастан кешіріп отырмын.

— Әңгімеңізге рақмет! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС,
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ – 110 ЖЫЛ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Қайым Мұхамедханов – қазақ руханиятының күрделі кезеңдерінде ғылыми адалдықтан айнымай, Абай мұрасын, Шәкәрім шығармаларын, Алаш арыстарының еңбегін қорғап, кейінгі ұрпаққа аман жеткізу жолында қайыспай еңбек еткен бірегей тұлға. Ғалымның азаматтық болмысы бала кезден-ақ қалыптасты. Оның өмірлік ұстанымы мен қайсар рухының қайнар бастауы – әке тәлімі мен Мұхтар Әуезов мектебі десек қателеспейміз. Ал күрескерлік болмысын шыңдаған Алаш өнегесі екені анық.



Адамшылық қарызы үшін...

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Қ.Мұхамедханов табанды ізденісімен, мұқият зерттеп-зерделеуімен қазақтың жыраулық, ежелгі батырлық жырларындағы әдеби сөз қолданысы мен байырғы сөз саптау, сөз қолдану мәдениетіне және ескі дүниетанымына сүйене отырып, сол мұралардың тіл тазалығын, ой тазалығын да сақтап қалды.

— Кез келген парасат иесінің орны оның сол өзі сүрген қоғамдағы ақыл-ой, рухани қасиеттердің дамуына қосқан үлесі арқылы белгіленеді. Бұл тұрғыдан алғанда Қайым Сейітқұлұлы өзінің өмір сүруімен де қазақтың қоғамдық ғылымдарының 1930-1990 жылдардың арасындағы шешуші, тұрақты және бағдар ұстар бағанасы болды. Себебі: бұл мерзімде қазақ қоғамдық ғылымдарындағы өте тұрақсыз, тиянақсыз, сатқындық пен сатымсақтыққа негізделген пікірлер орын алып тұрды. Өзгені былай қойғанда, қазақпен бірге өмір сүруге тиісті руханияттың өзегі — Абайдың өзінің дінгекеңтері сан рет шайқалып, сан рет қозғалысқа түсті. Сол арқылы Әуезов бастатқан тұлғалар да алып бөйтеректей құлап барып қайтадан орнына тұрды. Құлап кеткендер қаншама?! Міне, сондай аласапыран кездерде шыбық та болса, бөйтерекке сүйеу болған, өзінің пікіріне адал қайсар тұлғалар болды. Олар жоқ емес, бар. Соның бірі — Қайым Мұхамедханов, — дейді ғылым докторы, абайтанушы және алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай.

«Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деп басталатын Қазақ КСР-ның әнұранын жазған Қайымның еңбектері 1936 жылдан жариялана бастаған екен. Ол артына 100-ден аса өлең мен поэма, 1000-нан астам ғылыми еңбек қалдырды. Қазақ әдебиетінде орыс прозасын қазақ поэтикалық тілімен аударған үш ғана мысал бар болса, Мұхамедханов аударған Н.Карамзиннің «Сорманды Лиза» шығармасы Абай аударған М.Лермонтовтың «Вадим», Шәкәрім аударған А.Пушкиннің «Дубровский»-мен қатар тұр. Қайым пьеса да жазды, аударма да жасады.

Қ.Мұхамедхановты зерттеп, зерделеген ғалымның көбі, оның ғылыми қызметін абайтану мен шәкәрімтану салаларының қалыптасуымен тығыз байланысты деп бағалайды. Абайтанушы, қауымдастырылған профессор Арай Жүндібаева: — Абайдың бейнесі, шыққан ортасы, әулеті, шығармаларының жазылу тарихы, хатқа түсуі мен жинақ болып жарық көруі — мұның бәрін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Осыны алғаш ғылыми тұрғыда тұтас қамтыған тұлға — Қайым Мұхамедханов, — дейді.

Ғалымның ғылыми мұрасындағы шоқтығы биігі Абайдың ақындық айналасы мен шәкірттері туралы еңбектері екені сөзсіз. Қазақ әдебиетінің абайтану тармағына үнілгенде 1930 жылдардың аяғында Абай мұрасына жойылып кету қаупі туған, Абай сөзі бұрмаланып, шығармалары зерттелмей, қолжазбалары мен жеке заттары жоғала бастаған тұстағы Қайымның қажырлы еңбегі мен қайсар рухына қайран қаласың.

— Азаттық ансары басқа сезімнің барлығынан биік, барлығынан терең Мұхтар Әуезов пен қайыспаған қайсар Қайым Мұхамедхановты сөз сиқырына сұғынтып жүріп орға құлатқан да, өзгелерден бөлекше биік шынға шығарған да — осы Абай өлеңінің сағымы. Қазақ әдебиетінің көсегесін көгертуге атсалысқан ақынның айнымас жырларын жаңа белеске көтерген аз ғалымдардың жуан ортасында жүріп, сөз сиқырының қиян шынына көтерілу айтуға ғана оңай: Әйтпесе, Қайым Мұхамедханов үшін үлкен уақыт сыны — қияметтің қылқөпірі болғаны белгілі, — дейді абайтанушы Алмахан Мұхаметқалиқызы. Ал Қайымның қазақ ғылыми ойын дамытудағы қияметтің қылқөпіріне пара-пар ғұмыры жайлы Тұрсын Жұртбай:

— Бұл ретте қоғамдық пікірді ғылыми ойдың даму бағытын қалыпта сақтап қалудағы Қайымның алғашқы еңбегі Абай, Абайдың айналасы және оның рухани мұрасы туралы болды. Абайдың жеке басын былай қойғанда, оның артын із-түзсіз қалдырғысы келген бағыт болды. Абайда шәкірт те жоқ, Абайдан кейін ақын да жоқ. Абай жалғыз айдаладағы бір қуағаш. Саясы түсетін ештеңе жоқ. Абай қазақ халқының ақыл-ойын дамытуға ешқандай үлес қосқан жоқ деді. Соны айтқан «сақтаған бәйішев, сол нұрышөвтар» өздері қазақтың саясы болғысы келді. Тіпті, оны айтпағанда, сол кездегі алғашқы мақаласын жазып жүрген адамдар 1977 жылы Тұрағұлдың қызы Ақылияның естелігін жариялағанда, менін сонымнан түсіп, соны жариялаған Сағат Әшімбаевқа сөгіс беріп, мені жұмыстан шығарсын деді. Соған дейін өмір сүргендер болды. Олар қазаққа белгілі тұлғалар. Ол тыйылмайтын еді... Қазір де бар «Абайсыз өмір сүреміз, Абай жоқ» деп жүргендер... Абай деп жүріп Абайдың бұтағын қиып жүргендер бар, — дейді.

Мына жалғанда бақ пен сордың арасын айыра алмай, өлермен күй кешіп, өзінше өмір сүретіндер бар шығар. Бірақ адамшылық қарызын білген Қайым ұстазы Мұхтар Әуезовтің бағыт-бағдарымен Абайдың тұңғыш мұражайын ашу, Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құру және ойшыл-ақынның құнды сөзін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу секілді ізденіске толы «тар жол, тайғақ кешулерден» өтті. Сыналды — шындалды, қайыспады, сынбады.

— Қайымның ерлігі жекелеген емес бүкіл қоғам жабылған кезде Абайға және оның ғылымына, біліміне, рухына, айналасына бір жас шыбық ретінде қасарып тірелеп тұрып алды. Соның арқасында Абай ғылымы өлген жоқ. Абайдың шәкірттері бар. Демек, артын да халқы бар. Егер Абайдың ақын шәкірттері деген ұғымды жойып тынсақ, онда Абай да бітті деген сөз. Оны зерттеген Әуезов кетті деген сөз. Әуезов кетті, Абай кетті... кім қалды? — дейді Т. Жұртбай.

Басының бағы үшін емес, адамдық борышы алдында Тұрсын Жұртбай айтқандай, сатқындық, сатымсақтық асқынып тұрған қоғамда Мұхамедханов халқына адалдығымен, қайсарлығымен шамшырақ бола алды. 1951 жылы М.Әуезовтің ғылыми жетекші-

лігімен «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырыпта қорғаған диссертациясының соны қызғаншақ, жалақорлардың айтағымен қуғын-сүргінге айналады. Бұл кезең туралы ғалымның өзі: «1951 жылы сәуірде «Абайдың әдеби мектебі» атты еңбегім бойынша кандидаттық диссертация қорғадым. Оның арты дау-шарға, пәле-жалаға ұласты. Ақырында халық жауы ретінде бес адам 25 жылға кесіліп, айдалдық. Олар: Е. Бекмаханов, Е. Ысмайылов, Б. Сүлейменов, Қ. Жұмалиев және мен — Қ.Мұхамедханов» деп естелік қалдырғаны бар.

Тағдыр талқысы аталған бесеуді аямаған тарихтан білеміз. Қандай азап көрсе де, олардың өмірлік серттен айнымай, ар-ождан алдындағы адалдықтан аттамаған өнегесін үйрене алсақ... «Әуезовке қарсы қол қойғанша, өлгім арттық» деп қасарысқан Қайымға «Әуезовтен, Абайдан бас тарт» деп тергеушілер ойына келгеннің бәрін жасады. Тұрсын Жұртбай Қ.Мұхамедхановтың абақтыда көрген азабы туралы өзінен естіген естелігін еске ала отырып:

— Мен түрмеде жатқан кезде Әуезов осыны зерттеді, Абайда шәкірт жоқ деген бір-ақ нәрсеге қол қойып бер, болды. Сені босатамыз, кандидаттығыңды қалпына келтіреміз, ректорлыққа ұсынамыз» деді. «Зөрем ұшып кетті, Абай жоқ, оған тіреліп тұрған Әуезов жоқ болса, шәкірттер, бала-шағасы жоқ. Сонда кім қалды... Мен қайтіп, кімге тірек боламын. Одан да сол үшін құрбан болып қанымды төксем, сол тамған бір тамшы қан солардың тамырына тамса, мүмкін, өзегін жапса деп қолымды тістеп тұрып, «жоқ» деп айттым. Ыстық камераға салды, қолымды, аяғымды, табанымды күйдірді, терімнің ісі шығып тұрса да қоңырсыған, шыдап тұрып алдым. Суыққа салды, қатып қалдым, аяз болып, итеріп қалып еді, тарс ете қалдым мұз сияқты, қапқа салып, ақыры камераға лақтырып кетті, сонда да қайтпадым. Сондағы тірегім Абай еді, сатпадым. Сатып өмір сүргенше, өмір сүрмеген жақсы» деген еді. Міне, Қайымның осы ерлігі қазақтың ғылыми ойын дамытып және тұрақты қайсарлығын ұстап қалудағы көптің көңіліндегі және бүкіл қоғамға, қазақ қоғамына ой салған бір іс болды. Біз де соған үміт арттық. Ал саясат тұрғысынан да, Абай тұрғысынан да, Әуезов тұрғысынан жеке адам тұрғысынан да жалпы өмір сүрудің мақсаты — сатымсақтық деген жоқ, — деп қазаққа сабақ болуға тиіс ғұмырдың — сатымсақтыққа ұрындырмас ғибраты жайында әңгімелеп берді.

Тұрсын Жұртбайдың пайымынша, Қайым Мұхамедхановты шынықтырған үш ұстаным бар. Ол — сатқындыққа тосқауыл қою, ақыл-ойдың сатқындығына тосқауыл қою, көлгірсуге көлденең тосқауыл қою.

— Бұл бізді де, артындағы шәкірттерін де шынықтырды. Оның қазақ қоғамындағы, ар-ұят тазалығын сақтаудағы парасат образы — Қайымның таза тұлға ретіндегі қайсарлық, рух қайсарлығы, — дейді ол.

Қ.Мұхамедхановтың ғылымдағы қайсарлық, адалдық, табандылық өнегесі туралы сөз болғанда, жазушы Марфуға Шапиянның ««Әуезовті сатпаймын»» деп азап көрген Қайымнан ұстазы неге кешірім сұрады?» деп

аталатын мақаласындағы «Түрмеден босап келген Қайымнан Әуезов: «Енді немен айналысасың?» деп сұрағанда, «Әрине, Абайдың шәкірттерін зерттеймін, кітап жазамын» деп жауап берген» дейтін тұсы еске түседі. Бұл туралы Тұрсын Жұртбайдан сұрағанымызда:

— Мысалы, Қайым түгендемесе, Абайдың немересі Біләл Ысқақовтың өлең жазғанын ешкім де білмейді. «Қорғансыздың күнінде» Ақанның образы болған Біләл Ысқақов Әуезовтің Семейде бірге оқыған досы, жақсы ақын болған. Кәкітай, Көкбай туралы басын тәуекелге байлап жинаған деректер мен дәйектер, Тұрағұлдың аудармалары... бәрі-бәрі Қайымның ғылымдағы үлкен үлесі. Ал Абай өлеңдерінің текстологиясын Мұхтар Әуезовтің көзі тірі кезінде және Мұхтар өзі қол қойып шығарған толық жинақтарының өзіне пікір айтып, сондағы текстологиялық әбестіктер мен қателіктерді, дәлсіздіктерді айтқан Қайым. Кейін Әуезов та қостаған соң Қайымға қарсы шыққандар болды. Егер Қайым болмаса, «Шортанбай, Дулатпенен, Бұқар жырау. Өлеңі — бірі жамау, бірі құрау» болып кетер еді. Бұл Қайымның арқасы. 1984-1986 жылдары Дулаттың, Шортанбайдың кітаптары шықты. Сонда Дулаттың өлеңінің басы, Бұқар жыраудың өлеңінің ортасы... Бірінің өлеңі бірінің өлеңімен араласып кеткен еді. Соны көріп отырып, Абайдың өзі айтқан «Шіркін-ай, сөз ұғарлық кісі болса, кемшілігі әр жерден көрініп тұр-ау» деп, яғни текст әр жерден араласып кеткен. Абай соны айтып отыр. Ал Мұхамедханов болмаса, кейінгі ұрпақ Дулат, Бұқар жыраулардың өлеңін бірі құрау, бірі жамау деп жүрер ме еді, — деді.

Қ.Мұхамедханов еңбегінің бүгінгі күнге дейін әлі де ескерусіз қалып жатқан тұсы — жыраулар әдебиеті ақындарына жүргізген текстологиясы. Т. Жұртбайдың айтуынша, Қайымның еңбегінің үлкен сүбелі және негізгі кенітіп оқыған дәрісі — Бұқар жырау, Дулат, Махамбет сияқты ақындарға жүргізген текстологиясы.

— Бізде бір тонмойындық бар және ақылдың тонмойындығы, бөленбай айтты болды. Сол қуыныш калады. Қайымға қарамайды, шындығы солай. Жалған патриоттық көзқарастар Қайымның Махамбеттің, Шортанбайдың, Бұқар жыраудың тағы да басқа ақындардың өлеңдеріндегі текстологиялық талдауларға көңіл бөлінбей келеді. Бұл өз алдына дербес бір зерттеу, — дей келе, Тұрсын Жұртбай, Абай шығармаларының текстологиясын жасағандай, Қайымның жыраулар әдебиеті ақындары шығармаларының да текстологиясын жасағанын және бұл іздің жалғасу керегін тілге тиек етті.

Қайымның қазақ үшін кастерлі болуға тиіс тағы бір қасиеті өлімнен қорықпай, қаймықпай қарсы тұрғаны. Әр нәрсенің сұрауы мен қайыры бар деген тәмсілге сенетін халықтың дүниетанымында да өлім қорқыныш емес. Ал «Абайды білген, Абайды таныған, Абай өнегесімен сусындаған адамға» Қайым Мұхамедхановтың өзі айтқандай, «... өмірдің тауқыметін жеңіп шығу жеңілдірек болмақ». Демек, абақтыда ажал құрсаулап, шыбын жаны шырықрап жатса да өлімге дес бермеген Қайым үшін, өз уақытында келген Алланың берген ақ өлімі қорқыныш болсын ба?!

— Баламсың деп ертіп жүрді, жақсылықты күндерді бірге өткіздік, тіпті 90-ға келіп ұзағырақ жатқан шағында, «Мен өлімнен қорықпаймын, келсін қазір, дайынмын» дейтін. Ажалмен бетпе-бет келіп тұрып, қайсарлықпен сөйлеу Қайымда ғана. Қайым істедім болды, шамам жетті. Демек, ол өзінің әр ісін мінезінің адалдығымен шешкен. Өйткені адал адам айнымайды, өкінбейді, Ісі адал, ешкімге қиянаты жоқ. Өзінше еркімен, өмір сүрді, ешкімге тәуелді болмады. Сондықтан да Қайымның өмірі бүкіл қазаққа үлгі болатындай, әке тұтатындай, әкем болса сондай болсын, ағам болса сондай болсын, ұстазым болса сондай болсын, әдебиетші болса сондай болсын, ғалым болса сондай болсын деп еш алаңсыз, күмәнсіз, құрмет тұтуға болатын тұлға. Қайым сияқты тұлғалар барда, егер алдағы уақытта болса, қазақ ғылымын ешқашанда тот баспайды, — дейді Тұрсын Жұртбай.

Қайым Мұхамедхановтың қайсар ғұмырына рухани тірек болған Абай өнегесі, Шәкәрім ілімі және Әуезов мектебі десек, бүл үш тірек ғалымның ғана емес, барша қазақтың мәңгілік мұратын ғасырдан-ғасырға жалғайтын темірқазығы, шамшырағы деуге болады.

ЖАНАЗЫҚ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



«Ол шарапхананың тұсына жақындап гүрс етіп сұлады. Таяқтастам жерде жылыту қазандығының көсеушісі, ішкіші «Вася Циклоп» дейтін «жалғыз көзді бомж» бар болатын. Әуірімдеп соны тауып алды. Мұның сықпытынан ажалының мұрнының ұшына жақындағанын аңғарған «кәрі қақпас» қалайы кружкасын отқа қыздырып, ішкіштердің «көңіл жұбатар сусыны», яғни «бір кружка суға бір қорап шайды тұтасымен төңкере салып, қайнатып, жұтып жібергенде өңешінді тіліп түсетін осы қап-қара қоймал-жың сұйық бойынды жылытып, кәдімгідей қанынды қыздырады». Ішімдікке бой алдырғандардың сүйікті ермегі — осы «цифирь».

Есін жинаса, «Клава байғұс бар ынта-ықыласымен бұның денесін май тәрізді, иісі жағымсыз бірденемен сылап отыр екен».

Клава айтты: «Екі күн бойы сандырақтап сөйледің. Өлетін шығар деп ойлағам. Саған емханаға бару керек. Әйтпесе, өлесің! Екі өкпеңе оңбай салқын тиген сияқты».

Арғынның сүйек сырқыратарлық ішкі сырына ден қояйық:

«Кісі қанын аркалап, абақты кезіп кетем деп ойлап па еді?! Қолындағы бар құжатынан айырылып, бір шиша арақ үшін арын сатып, «бомж» атанып жүрем деп пе еді? Бірақ солай болды. Неге?! Әлде тағдырдың маңдайға жазғаны солай ма? Өзімен бірге жүрген үйсіз-күйсіз мүскіндер бәріне тағдыр кінәлі деп пәлсапа айтып жатады. Сонда бұл тағдыр дегеніңіз пенде баласының өз еркінен тыс қандай күш? Адам өз тағдырын өзі жасай алмағаны ма сонда?»

Талықсып, сандырақтап жатқанда әжесі аян берді: «Жарығым-ай, табаныңды жерге тигізбей өсіріп едім! Не күйге ұшыраған-сың?!».

«Жедел жәрдем» шақырдым, — деді Клава — өйтпесе өлесің, өлмесең жарымжан боласың».

Ақ халаттылардың ішінен біреуі: «Мына түрімен қалай әкетеміз, жуындыру керек қой» десе, екіншісі: «Зембілді әкеліндер, емханаға жатқызуымыз керек» — деді, үшіншісі ішінен: «Сұмырай» — деді.

Қаншалықты ерегіс, оғаш іс болса да емханаға әкелінді.

Емхананың табалдырығын аттаған соң бірер күннен кейін әлденіп, аяғын апылтапыл басып, жуынып-шайынып түзеле бастады. Өзі сияқты тағдырластар да бар көрінеді. Бірі ұстарасын беріп, бірі ішкіміні жуысып дегендей.

Емдеуші дәрігер, я болмаса бөлім меңгерушісі белгілі бір кесте бойынша палаталарды тегіс аралап, науқастардың хал-ахуалымен түбегейлі танысып шығады екен.

Бірде палаталарды аралап жүрген дәрігер келіншектің дауысы мұны ойда-жокта елең еткізді: «Кұдай-ау, мынау... мынау Құралай ғой! Бұл қайдан?... Шынымен Құралай ма?! Иә, тура соның өзі сияқты! Ой, Алла-ай!».

Дүние тар екен ғой. «Тағдыр деген итін бұны тағы да бір мазак еткісі келген шығар...». Тағдырдың бұйрығы, сыйлығы Құралай сұлу алдынан шықты.

Медбике:

— Сыркат Абатов Арғын, екі өкпесінде кінәрат бар, Құралай Қабырбековна, мекен-тұрағы белгісіз, «бомждар» ғой...

ТАҒДЫР ЖОЛЫ ӘРІ ТАЙҒАНАҚ, ӘРІ ТАҒЛИМАТ

Қаламгер сайлау байбосынның «АЖАЛЫН ЖОҒАЛТҚАН АДАМ» дейтін романының (2024 жыл) құлақкүйіне ден қойсақ, бірден-ақ өне бойын жың-сайтан билеп, ақыл-есінен айырылып, арақ-азарлдың қанды қақпанына түсіп, оның зардапты, қан қақсатарлық қайшылықтарына шырмауықша шырмалған, шер-шеменге, зар-налаға оңбай ұрынған мүсәпірдің қасіретнамасы десек те болады. АЗҒЫНДЫҚТЫҢ, АРСЫЗДЫҚТЫҢ ЖОЛЫНА, ТАҒДЫРДЫҢ КӨРМЕСІНЕ ДУШАР БОЛҒАНДЫҚТАН ДЕЙСІЗ БЕ, ТАҒДЫРДЫҢ УЫН ІШКЕНДІКТЕН ДЕЙСІЗ БЕ, ТАҒДЫРДЫҢ БЕТ ҚАРАТПАС СОЙҚАНЫНА ТАУЫ ШАҒЫЛЫП, ТӨЗІМІ МЕН САБЫРЫ САРҚЫЛЫП, ЖІГЕРІ ҚҰМ БОЛҒАНДЫҚТАН ДЕЙСІЗ БЕ НЕМЕСЕ ТАҒДЫРДЫҢ ЖАЗҒАНЫНА МОЙЫНСҰҒАНДЫҚТАН ДЕЙСІЗ БЕ, РОМАНДЫ ОҚИ БАСТАҒАНДА АҚ ЕС-ТҮСІНЕН ЖАҢЫЛҒАН, ЕСЕҢГІРЕГЕН, САНДЫРАҚТАҒАН, МҮШКІЛ КҮЙГЕ ТҮСКЕН НӘУЕТЕК, ТІРІ ӨЛІК, ӘУЛЕКІ, КӨКСОҚҚАН МАСКҮНЕМ ҚАҢҒЫБАСТЫҢ СҰРҚАЙ ТІРЛІГІНЕ КҮӘ БОЛАСЫҢ, ШОШЫНАСЫҢ, ТҮҢІЛЕСІҢ.

Дәрігер Құралай: «Тағайындалған дәрілер тегіс қабылданатын болсын, өзімнің жеке бақылауыма алам!» — деді әмірлі үнмен.

«Сол бір күндер...» тарауында (18-27-беттер) Арғын Абатовтың бал дәурен балалық шағы өткен берекелі Айбат тауы мен Иірсу өзені алдымен суреттеледі. Мысалы, аңыз-әңгімелердің сарындарына жүгінсек, Айбат тауының астында нешеме мыңжылдықтар бойы мекендеген айдаһар бар екен-мыс. Себебі жер қойнауындағы ағыл-тегіл есепсіз алтынның буына балқып жата беріпті-мыс. Бұл асыл қазына сарқылса, айдаһар сыртқа атылып, ауыл-аймақты, бота-тайлақты жапырып-жалмап кетеді-мыс.

«Сол бір күндер...» тарауында (32-43-беттер) Құралайды оқуға аттандырып салған күннің ертесінде әпкесі Ардақ күйеуін ертіп, Арғынға келіп: «Оқуға барам десең, шешенді алып бағамыз», — дейді. Оған Арғын көнбейді. Бір жыл анамның қасында боламын деп уәде береді. Ал Құралай оқуға түсіп, ауылға келгенде Арғын оған қала дегенің қалай екен дейді.

— Біздің болашағымыз білімде, ал білім қалада — дейді. Құралай Арғынның анасының: «Қайда жүрсең де Арғынымның қасында бол деген» сөзін айтты. Арғын қырманға жұмысқа шықты. Арғынның анасын сыркат мендеді, түрі жаман. Дәм-тұзының таусылатынын білгендей Арғынға: «Анау Құралайдан айырылма, басыңды қор қылмайды, есі бар бала... өзіне айтқам» — деген-ді.

Ақыры ажал анасын алып тынды. Жалғыздық жанын жегідей жеді. Әжесі оқта-текте: «Е...Е...е, алды-арты бір-ақ тұтам жалған дүние!» деп.

Құралай «жалғыз қалдым деп қапаланба, мен бармын» деп хат жазыпты.

Анасының қыркы өткен соң: «Жүр, алып кетем, қасымда бол!» — деді Ардақ.

Арғынның көңілі — ит аркасы қиянға кету еді. Сәуірдің соңында әскерге шақырту қағазы келді.

Мамыр мейрамында Құралайы да келіп, құшағына алып, бетінен өбіп, көңіл айтты, бейіт басына барды.

Негізінде, екеуінің арасына сызат түсірген Құралайдың шешесі: «Қарағым, саған әдейі келіп отырмын! Иә, бірге өстіңдер, бірге оқыдыңдар! Қазір енді заман басқаша. Сен ауылдасың... Ақылың бар баласың ғой, сөйт, қалқам! Мазасын ала берме. Сендей азаматқа қыз табылмас дейсің бе? Мен келді деп Құралайға айтпай-ақ қой» (39-бет).

Сонымен, элиталық әскери бөлімнің болашақ жауынгері атанады.

Ақ теңіз жағасындағы Арғынның жауынгерлік өмірі (оқу-жаттығу, парашютпен секіру, жекпе-жек өнерінің теориясы мен стратегиясы) толық әңгімеленген. Сондай-ақ Құралайдың хатындағы «Тез хабарлас, не керегінді айт, сәлем-сауқат жіберем» деген лебізі жаныңды жадыратса, шешесінің хатындағы: «Әй, Арғын! Баламның мазасын алма, сенің теңің емес, сөз байласып жүрген адам бар!» дегені тікенектей қадалды. (60-70-беттер)

Арғын жүйелі түрде дәрі-дәрмектерін қабылдайды, газет-журналдар оқиды, Ресей жазушыларының қылмыс әлемі хақындағы романдарды парактайды.

— Өзіміздің бомждар ғой. Давай, киін, кетесің бізбен, — деді ойда-жокта бұрқ-сарқ, қалш-қалш етіп.

Арғынның білетіні — бұл найсаптар үйреншікті ісі-әдеті күн жылынған соң дәрменсіздерді жинап, милиция бөлімшесінде бірер-күн тұтқында ұстап, сонсоң бай-бағландарға сатып жібереді. Сөйтіп, елсізде ақысыз-пұлсыз мал жайып, қоракосы салып, құлдықта жүресін...

Кезекші дәрігер:

— Біз үшін бұл жігіт емделуші. Дереву бас дәрігерге, Прокуратураға мәлімдеймін.

Сол-ақ екен, жүгенсіздердің жігері құм болып, жүні жығылып жөніне жөнелді.

Арғын тілін тістеп, қалың ойға шомды. Өкінді. Іші алай-дүлей. Сапырылысқан тіршіліктің тізбектері. Осы бір мезетте Құралай келіп, сыртқа шықсайшы дегендей ишарат жасады.

— Арғын — деді сұңғыла Құралай — делсал боп отырмашы, жаным! Танертең мен сені алып кетем. Өзімнің үйіме. Не көрсек те бірге көнеміз!

Құралай Арғынның құжаттарын қалпына келтіруге жанталаса кірісті.

«Сол бір күндер...» тарауында (80-154-беттер) тағдыр жолының, өмір, тұрмыс-тіршілігінің ұбақ-шұбақ, түйдек-түйдек суреттері, бастан кешкен іркес-тіркес қанқұйлы қасіретті шерлі күндері шежіредей өріледі.

Әсіресе, Құралайдың анасының қиғаш қылығы, теріс пиғылы Арғынның елден жырақ кетуіне әсер етті.

Басын тауға да, тасқа да соқты. Жазмышқа шара жоқ. «Бір ғана сәт, бір ғана әрекет, бір ғана қателік» шынға да шықатады, шыңырауға да батырады. Әуелден-ақ бұйырмаған, бірге жүруге қоспаған Құралай да өзегін өртейді.

Романның эпилогында құстың қос қанатындай Арғын мен Құралай бір көлікке мініп, Айбат тауының иығынан әрі асып кетіп барады...

Енді олардың түзу жолға түскені түсінікті.

Жинақтай айтқанда, өлкетанушы, шежіретанушы, айтыс ақыны Сайлау Байбосын-



Мысалы, аңыз-әңгімелердің сарындарына жүгінсек, Айбат тауының астында нешеме мыңжылдықтар бойы мекендеген айдаһар бар екен-мыс.

ның «Ажалын жоғалтқан адам» атты романы нарық заманының, бықсық қоғамның бас кейіпкердің тағдыр жолына келтірген кесепаттарын шыншылдықпен баяндаған әр романшылық өнердің қисындарын шеберлікпен қолданған деуге болады.

Сайлау Байбосын — ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жазушылар одағының Жүсіпбек Аймауытов атындағы сыйлығының иегері. Ерейментау және Баянауыл аудандарының құрметті азаматы. Павлодар облыстық «Ақбеттау» журналының редакторы.

Бірнеше республикалық әдеби байқау мен мүшәйра жүлдегері. «Ерейментау», «Қанжығалылар», «Қызылтау — құтты мекен, киелі аймақ», «Есімдері жүрсін деп ел есінде...», «Қорғалжын» секілді тарихи танымдық кітаптардың, «Ажалын жоғалтқан адам» романының, «Сүмбіле жұлдыз туған-да» атты жыр жинағының авторы.

СЕРІК НЕГИМОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор

АЙМАҚ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



ЭКОТУРИЗМНІҢ ИГІЛІГІН ҚАШАН КӨРЕМІЗ?

Былтыр 7 айда Қазақстанның ұлттық парктері 2 миллионға жуық турист қабылдаған екен. Бұл еліміздегі табиғи және экотуризмге деген қызығушылық барын көрсетеді. Келушілер саны бойынша «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі көш бастап тұр. Қаңтар-шілде айлары ішінде паркке 600 мыңнан астам турист барған. Екінші орынды Алматы қаласына жақын орналасқан Іле-Алатау ұлттық паркі иеленді. 7 айда оның табиғи ландшафттарын 507 мыңнан астам турист тамашалаған. Үштікті Алматы облысындағы «Көлсай көлдері» ұлттық паркі түйіндейді. Бұл табиғи нысанды 350 мыңнан астам адам аралапты. Туристердің саны бойынша Шарын және Баянауыл ұлттық парктері де бестікке кіреді.

Бірақ дәл осы тұста мәселе шығады. Бұл тізімде Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы жоқ. Неге, бұл бағытта қандай іс атқарылып жатыр?

Әрине, экотуризмді дамыту керек. Қарағанды облысында саланы жүйелі дамытуға аз да болса басымдық беріле бастады. Осы бағытта кәсіпкерлерге Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде экоқонақүйлер мен визит-орталық салуға арналған жобалар таныстырылып, құрылыс жүргізуге болатын нақты аумақтар көрсетілді. Ұлттық парк жерінің бір бөлігі туристік-рекреациялық аймақ ретінде айқындалған, бұл табиғи тепе-теңдікті сақтай отырып туризмді дамытуға жол ашады екен.

Қазір ұлттық парк аумағында экотуризм нысандарын орналастыру үшін инвесторларға төрт жер телімі ұзақмерзімді пайдалануға, яғни 25 жылға дейін, сегіз телім қысқамерзімді пайдалануға берілме, кәсіпкер тек 5 жылға ала алады.

— Қарқаралы ұлттық паркінің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспары бекітілді. Туризмді одан әрі өркендету мақсатында қысқамерзімді пайдалануға қосымша 14 телім қарастырылып отыр. Сонымен қатар алты телімді ұзақмерзімді пайдалануға беру жоспарда бар. Мәселен, көпшілікке жақсы таныс Шайтанкөлге апаратын туристік сокпақ бойынан ұзақмерзімді пайдалануға арналған үш телім белгіленді, — деді Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Руслан Төлепбаев.

Оның айтуынша, экоқонақүйлер салуға қолайлы өзге де аумақтар анықталған. Атап айтқанда, Самал көлі маңы, Жауыртоғай және Комиссаровка сайлары инвесторлар үшін әлеуетті аландар ретінде ұсынылып отыр.

— Егер кәсіпкерлік тарапынан қызығушылық туып, нақты жоба ұсынылса, қолданыстағы талаптарға сәйкес конкурс жарияланады. Конкурс қорытындысы шыққаннан кейін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге бір жыл, ал нысанды салуға екі жыл мерзім беріледі, — деп нақтылады Руслан Төлепбаев.

Жеке бағыт ретінде визит-орталық салу жобасы ұсынылып отыр. Бұл нысан туристерді қабылдау деңгейін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сондай-ақ экотуризмнің өңір экономикасына қосатын үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Табиғат» музейін жаңғырту жоспарланған. Мұнда цифрлық экспозициялар мен интерактивті технологияларды енгізу көзделіп отыр. Музей аумағында орналасқан, көлемі 82 гектарды құрайтын зоологиялық вольерде бизондар мен маралдар жартылай еркін жағдайда ұсталады. Бұл нысанды да жаңартып, туристер үшін тартымды ету жоспарлануда. Бизнес өкілдерімен ынтымақтастық мемлекеттік-жекешелік әріптестік немесе бірлескен қызмет туралы келісім аясында жүзеге аспак.

Кейінгі уақытта Ақмола және Қарағанды облыстары аумағында орналасқан «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жобалары да таныстырылды. Мұнда визит-орталық салу, сондай-ақ демалыс базасы мен глэмпингтер орналастыру жоспарланып отыр.

Туризм саласының дамуына заңнамалық өзгерістер де оң әсерін тигізуде. Инвесторлар үшін жер телімдерін алу және инженерлік инфрақұрылымға қосылу рәсімдері едәуір жеңілдетілген.


Қарағанды облысының туризм басқармасының басшысы Ирина Любарскаяның айтуынша, мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге бірқатар қолдау тетігі қарастырылған. Атап айтқанда, өтемақылар мен субсидиялар, сондай-ақ жеңілдетілген несиелер ұсынылады. Экотуризмді дамыту туристік ағынды арттырып қана қоймай, өңір экономикасының тұрақты өсуіне серпін беретін маңызды фактордың біріне айналмақ.

Иә, қолға алынған жоспар орындалса Қарқаралы да экотуризмнің орталығына айналмақ. Бұл іс алдағы уақытта қалай атқарылады, оны уақыт көрсете жатар.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

«ҚОТЫРБҰЛАҚТЫҢ» ҚҰПИЯСЫ

Қазақ даласының әр тасын түртсең, тұнып тұрған тарих. Тіпті аңызбен астасып, тылсымы өз алдына бір төбе болып жатқан орындар жетерлік. Міне, соның бірі Жамбыл облысы, Талас ауданы, Тамды ауылының оңтүстігіне қарай үш шақырым жерде орналасқан «Қотырбұлақ әулие» бастауы.



Шолақты тауының бөктерінде орын тепкен «Қотырбұлақ әулие» бастауы туралы тарихи деректер аз. Көнекөз қариялардың өзі бұлақ туралы көп нәрсені айта алмауда. Ақпараттың дені аңызбен ұштасқан. Қотырбұлақтың қасында ертеден келе жатқан белгі тас бар. Онда: «Қотырбұлақ әулие бұлағы: Мысыр ата, Ыкылас ата, Жылқышы ата, Кәрім ата, Шахан ата, Шынжырлы ана, Жібек ана, Мизір ана, Мамық ана» деп жазылған. Таластықтардың айтуынша, бұл белгіні кезінде бір кәсіпкер қойған көрінеді. Алайда ол туралы нақты ақпар жоқ. Сондай-ақ белгі тастағы аталар мен аналар кім екені беймәлім. Ел ішінде Мысыр ата VIII-IX ғасырларда Мысыр елінен келген сахабалардың бірінің лақап аты деген әңгіме айтылады. Дәл сондай өзге ататектер де сол дәуірде өмір сүрген қасиетті бабаларымыз бен аналарымыздың есімдері деген болжам жасалуда. Егер халықтың есінде осындай текті адамдардың есімдері сақталса, демек бұл аймақ тарихи аңыздарға толы екені хақ.

Аңызға сүйенер болсақ, ертеде Қаратау өңірінде бір хан өмір сүріпті. Сол ханның жалғыз ұлы болған екен. Бір күні ханның ұлы нөкерлерімен аңға шығып келген соң, қатты ауырыпты. Денесі бөрітіп, қызуы көтеріліп, жанын қоярға жер таппапты. Баласының ауырғанын көрген хан жан-жаққа ат шаптырып, ең мықты деген емшілерді алдырған екен. Алайда қандай емші келсе де, хан баласының ауруын жаза алмапты. Содан күннен күн өтіп, хан баласының жағдайы нашарлай түсіпті. Хан болса: «Егер осы баламның емін тауып, жазып бере алатын адам болса, қанша байлық сұраса да беремін», — деп жарлық шығарып, елге таратыпты. Бір күні осы жарлықты естіген бір дәруіш хан алдына келіп:

— Құрметті хан ием! Сізге айтар датым бар, — дейді.

— Даттың болса, айт, тындап тұрмын, — депті.

— Мына тұрған қарт Қаратау етегі барлық ауруға ем, шипалы жер. Сіздің баланыңды сол таудың етегінде орналасқан бұлаққа алып барып, шомылдырайық. Жазылса, сол бұлақтан жазылады, — деп ханның қабағына қарайды.

— Онда өзін жол баста. Егер айтқаның келіп, сол бұлақтан балам жазылып кетсе, не сұрасаң да беремін. Егер жазылмай қалса, онда басыңды аламын, — дейді хан.

Сонымен дәруіштің айтқанына еріп, хан баласын нөкерлерімен сол бастауға алып барды. Үш күн, үш түн шомылдырып, дұғасын оқып, балаға ем қолданады. Дәруіш айтқандай, шынында да, ханның ұлы төртінші күні ауруынан құлантаза

айығып жазылып кетіпті. Риза болған хан, дәруіштің сұрағанын беріп, сөзінде тұрыпты. Осыдан бастап әлгі бұлақты халық әулие санап, «Қотырбұлақ әулие» атап кеткен. Кейіннен елдің бәрі сол бұлаққа келіп шомылып, жанына ем, дертіне дауа тапты дейді кәрі аңыз.

Бұл бұлақтың қасиетін жергілікті халық бұрыннан біледі. Кейінгі кездері басқа өлкелерден де бұлақ басына келетіндер көбейген. Бұлақтың кереметтілігі соншалық, оған шомылған адам өзін әрқашан жайлы да жақсы сезінеді екен. Қысы-жазы бір температураны ұстап тұрады. Үстіне жара шыққан адамдар осы бұлаққа бір түсіп шыкса, ертесіне-ақ үстіндегі жарасынан жазылып шығатын көрінеді. Сондай жанның бірі — Самат Тілеужан.

— Медицина ғылымы қанша дамыса да, кейбір ауруларға дауа табылмай жататын жағдайлар болады. Әсіресе, тері аурулары емдеу оңай емес. Денеме осыдан бес жыл бұрын қызырып жара шыға бастады. Дәрігерге барсам, тері ауруы деп түрлі дәрі жазып берді. Алайда әлгі жара одан кетпеді. Керісінше, күн санап көбейе түсті. Содан ғаламтор арқылы Ресей мемлекетінен де дәрі алдырып жағып көрдім. Одан да ем болмады. Бір күні таныстарым Шұбаркөлге баруға кеңес берді. Онда бір апта болып, көлге түскеннен кейін жараның беттері қабыршықтанып түсе бастады. Мұны көріп қатты қуандым. Алайда көлден оралғаннан кейін бір жеті өтпей-ақ жаралар қайта шыға бастады. Содан не істерімді білмей отырғанымда, Талас ауданында «Қотырбұлақ әулие» деген жердің барын естідім. Көп ұзатпай аталған аймақты бетке алып, бұлақтың суына түсіп, жарамның бетіне балшығын жақтым. Сіздерге өтірік, маған шын, ертесіне жаралардың беті қабыршықтанып қайта түсе бастады. Бұған Шұбаркөлдің де әсері болды ма білмеймін. Алайда Қотырбұлақтың суына түскеннен кейін жарам жазылды. Ең бірінші, Алла әрине, екінші, осы Қотырбұлақ суы мені дертімнен айықтырды, — дейді Самат.

Иә, шынында, адам айтса нанғысыз жағдай. Алайда Қотырбұлақ суына түсуге бүгінде еліміз ғана емес, Ресей мемлекетінен келетіндердің де саны артқан. Ендігі мәселе — осы бұлақ суының құрамын тексеріп, оның қандай дертке дауа екенін толықтай анықтау. Содан кейін бұл маңнан бір шипажай ашып, келушілерге қолайлы жағдай жасаса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл, бір жағынан, туристік кластерді дамытса, екінші жағынан, дертіне дауа іздегендерге жасалған игі іс болары анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

КӨКЕЙКЕСТІ

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

МЕКТЕПТЕГІ БАЛТА:
ҚҰЛСАРЫДАҒЫ ОҚИҒА

Атырау облысына қарасты Құлсары қаласындағы №6 мектептегі оқушының әрекеті елді алаңдатып отыр. 5 ақпанда 10-сынып оқушысы сыныптастарымен болған келіспеушіліктен кейін балта алып, оларды қуалаған. Екі оқушы жеңіл жарақат алып, медициналық көмекке жүгінді. Жасөспірім кейін ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Бұзақылық дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалып, материалдар Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның қарауына жіберілді. Қылмыстық іс жүріп жатқанына қарамастан, оқушы сабаққа қайта қосылып отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ҚАНДАЙ
САБАҚ
БЕРДІ

Елнар КАБА (қолжазба)

Бұл бірсәттік эмоцияның салдары ма, әлде жүйелі мәселелердің көрінісі ме? Құлсарыдағы жағдай мектеп қауіпсіздігі, жасөспірім психологиясы, буллинг және ата-ана жауапкершілігі тақырыптарын қайта күн тәртібіне шығарып отыр.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ҚЫСЫМ ЖӘНЕ БУЛЛИНГ

Оқиғадан кейін оқушының анасы Мәншүк Жиенбетова әлеуметтік желіде үндеу жасап, ұлының ұзақ уақыт бойы қатарластары тарапынан қысым көргенін айтты.

Мәншүк Жиенбетованың айтуынша, оқиға болған күні ұлы Құлсары қаласындағы №6 Пушкин атындағы мектепте сабақта отырған. Сол кезде оған төрт жасөспірім келіп, дәретханаға шақырған. Анасының сөзінше, олар сол жерде сөйлесіп, мәселені «шешпек» болған. Төрт адамның ортасында жалғыз қалған жасөспірім өзін қорғай алмай, балта тауып алып, оларды қуа жөнелген. Соның салдарынан төтенше жағдай туындаған.

Ол сондай-ақ ұлы былтырғы күздің өзінде-ақ қысым көріп жүргенін айтып, өзін басқа мектепке ауыстыруды сұрағанын жеткізді. Алайда ата-анасы оны оқу жылын осы мектепте аяқтауға көндірген.

Анасының айтуынша, сол кезде баласы жағдай ұшығуы мүмкін екенін ескерткен. Оның пікірінше, сол уақыттан бастап оған қысым күшейген.

Отбасы аталған төрт жасөспірімге қатысты арыз бермеген. Сонымен бірге ол №6 мектеп директорының қызметінен босатылмауын сұрап, бұл жағдай оқу орны басшылығының әрекетімен байланысты емес екенін атап өтті. Оның сөзінше, оқиға кезінде ұлы сабақта болған және ешкімді арандатпаған.

Сарапшылардың айтуынша, мектептегі буллинг — Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі. Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бұрынғы зерттеулерінде қазақстандық оқушылардың едәуір бөлігі мектепте кемінде бір рет буллингке ұшырағаны айтылады. Білім саласы мамандары соңғы жылдары кибербуллингтің де көбейгенін атап өтеді: әлеуметтік желідегі қысым мен мазақтау жасөспірім психикасына тікелей әсер етеді.

Отбасылық психолог Айгерім Талғатқызының пікірінше, оқушының агрессиясы жиналған ішкі күйзелістің сыртқа шығуы.



Егер біз агрессияның себебін жоймай, тек салдарымен күресетін болсақ, мұндай жағдайлар қайталануы мүмкін. Ал қауіпсіз мектеп тек камера мен күзет емес, ең алдымен, баланың санасы қауіпсіз ортада қалыптасуы керек.

«Бала өзін қорғансыз сезінсе, үнемі мазаққа ұшыраса немесе қолдау таппаса, агрессия қорғанудың жалғыз тәсіліне айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда тек жазалау емес, кәсіби психологиялық көмек қажет», — дейді маман.

Оның айтуынша, буллингке ұшыраған балалар көбіне үндемейді. «Тәртіпсіз» немесе «шағымшыл» атанудан қорқып, қатарластарының қысымы жағдайды ұшықтыра түседі.

МЕКТЕП ҚАУІПСІЗДІГІ:
ФОРМАЛДЫ МА,
ӘЛДЕ НАҚТЫ МА?

Атырау облысы білім басқармасының басшысы Марат Абуовтың мәліметінше, мектепте лицензияланған күзет, бейнебақылау камералары болған. Алайда оқиға үзіліс кезінде болып, жасөспірім сөмкесіне салған затпен мектепке кіріп кеткен.

«Оқиғадан кейін мектеп директорына сөгіс жарияланып, ол қызметінен кетті. Арнайы комиссия құрылып, облыстағы мектептердің қауіпсіздік жүйесі тексерілуде», — деді спикер.

Қазір Жылыой ауданында да профилактикалық іс-шаралар күшейтілуде. 9-11-сынып оқушыларына заң талаптары, құқықтық жауапкершілік, мінез-құлық мәдениеті туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Полиция, әкімдік және мектеп басшылығы бірлесіп, турникеттегі күзетшілердің жұмысын, жабдықтардың жарамдылығын және тыйым салынған заттарды анықтау тәртібін тексеріп жатыр.

жылмен салыстырғанда 80 пайызға артқан. Бұл басқа емес, Атырау облысы білім беру басқармасының басшысы Марат Абуовтың сөзі. «Түнгі уақытта ата-анасының қарауынсыз жүрген жасөспірімдер саны көбейген», — дейді спикер.

Республика көлемінде де жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық мәселесі алаңдатарлық. Сарапшылар мұны әлеуметтік желінің ықпалы, отбасындағы бақылаудың әлсіреуі және мектептегі тәрбие жұмысының формалды сипат алуымен байланыстырады.

Қазір оқиғаға қатысы бар жасөспірім ата-анасының ба-

қылауында. Тергеу жалғасып жатыр. Бірақ қоғамды толғандырған негізгі сұрақ — мұндай жағдайды болдырмау үшін не істеу керек?

«Сол үшін ең алдымен мектеп психологтарының жүктемесін азайтып, нақты профилактикалық жұмыс жүргізуге мән беру керек. Буллингке қарсы бірыңғай ұлттық бағдарлама қабылдау, ата-аналарға арналған тұрақты психологиялық ағарту жұмыстарын күшейту маңызды. Мектеп қауіпсіздігін формалды есеп үшін емес, нақты қауіптің алдын алу құралы ретінде қайта қарау маңызды», — дейді отбасылық психолог Айгерім Талғатқызы.

Қалай десек те, Құлсарыдағы оқиға — бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Бұл жағдай жасөспірімдер арасындағы буллингті, психологиялық қолдау жүйесін және мектеп қауіпсіздігін түбегейлі қайта қарау қажет екенін көрсетті.

Егер біз агрессияның себебін жоймай, тек салдарымен күресетін болсақ, мұндай жағдайлар қайталануы мүмкін. Ал қауіпсіз мектеп тек камера мен күзет емес, ең алдымен, баланың санасы қауіпсіз ортада қалыптасуы керек.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Атырау облысында оқушылар арасындағы құқықбұзушылық көрсеткіші былтырғы

Алматы облысы Қарасай аудандық сотында Куттыбаева Айнаш Кайролдановнаның өтініші бойынша 12.11.1990 ж. туған Құттыбаев Қуаныш Әлиұлы (ЖСН 901112300832), соңғы мекенжайы: Қарасай ауданы Шалқар ауылы Болашақ көшесі, №7, хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы азаматтық іс қаралуда.

Құттыбаев Қуаныш Әлиұлының жүрген жері туралы мәліметі бар тұлғалардан осы хабарлама жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

Мекенжай: Алматы облысы Қарасай ауданы Қаскелең к., Момышұлы көшесі, №5.

Тел.: 8 (72771) 7-99-02, 8 705 416 81 68.

«Фонд Ассоциации независимых промышленников и предпринимателей «МУСИАД КАЗАХСТАН» Қоғамдық Қорының БСН 181140007918 25.10.2018 жылғы Жарғысы жоғалған. Жарамсыз деп танылады.

СПОРТ STYLE

14 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында XXV қысқы Олимпиада ойындарының алауы тұтанғанына бір апта болды. Өкінішке қарай, әзірге жалпы есепте ешқандай медальға қол жеткізбедік. Айтқандай-ақ, Олимпиадаға соңғы төрт жылда отандық спортшыларды дайындауға бюджеттен 13,3 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалған екен. Бұл қаражаттың тиімділігі мен медальға айналар-айналмасы Олимпиада аяқталғанда белгілі болатыны ақиқат. Алайда көкейде еліміздегі қысқы спорт шынымен дамып жатыр ма деген сұрақ әлі де тұр.

А Әсет ҚАЛИ

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Туризм және спорт министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2022–2025 жылдары қысқы спорттың 14 түрі (оның 13-і олимпиадалық) бойынша секцияларға тұрақты қатысатындар саны 158,4 мың адам деңгейінде қалған. Өсім көрсеткіші небәрі 1,2%. Бұл бұқаралық серпілістен гөрі, ішкі ауыс-түйісті аңғартып тұр. Қысқы спорт түрлерінде шаңғы және сноубордқа қызығушылық әрдайым жоғары болатын. Алайда соңғы үш жылда бұл бағыттардан 9,5 мың спортшы кеткен екен. Дегенмен шаңғы жарысы әлі де қысқы спортпен шұғылданушылардың 46%-ын құрайды. Теріс динамикадан тек биатлон мен фристайл ғана ерекшеленіп тұр.

Тағы бір қызық жайт, елде шайбалы хоккей мен допты хоккейдің танымалдығы күн санап артып келеді. Бұл спорт түрлерінде спортшылар саны 5,8 мың адамға, яғни 13,6%-ға өскен. Сарапшылар, мұны жанкүйерлік белсенділіктің артуымен және балаларды спортқа беру сұранысының көбеюімен байланыстырып отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ең жоғары өсім биатлонда (+64,1%), кёрлингте (+65,1%) және допты хоккейде (+37,5%) тіркелген. Сондай-ақ мәнерлеп сырғанау (+25,4%), фристайл (+30%) және шорт-трек (+11%) те оң динамика көрсеткен. Бұл — белгілі бір бағыттарда жүйелі жұмыс бар деген сөз. Ал ең аз қатысушы тіркелген спорт түрі — ски-альпинизм. Ел бойынша бар-жоғы 6 спортшы және бір ғана жаттықтырушы жұмыс істейтін жалғыз секция бар. Иә, жаңа бағыттың дамуы үшін мұндай көрсеткіш жеткіліксіз көрінеді.



Тұралап қалған ҚЫСҚЫ СПОРТ

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕ КӨП

Қысқы спортты бұқаралық деңгейде дамыту ісінде қордаланған мәселе аз емес. Соңғы жылдары отандық бұқаралық ақпарат құралдары талай мәрте спорт нысандарының нақты жағдайын көтерді. Бір жерде мұз айдынының салқындату жүйесі істен шыққан, енді бір жерде шаңғы базаларының материалдық-техникалық жабдықталуы ескірген. Ауыл-аймақтарда спортшылар жарысқа лайық дайындық өткізу үшін ондаған шақырым жол жүруге мәжбүр. Кей нысандарда киім ауыстыратын бөлме, медициналық пункт сынды қарапайым талаптардың өзі сақталмайды. Мұндай жағдайда тұрақты нәтиже күтудің өзі қиын.

Жақында өткен Үкімет Жотырысында Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов отандық туризм саласындағы негізгі түйткілдерді атап өткен болатын. Министрдің айтуынша, салада негізгі көрсеткіштер бойынша өсім байқалғанымен, шешімін таппаған жүйелі мәселелер әлі де бар.

— Ең алдымен, бұл — курорттық аймақтар инфрақұрылымының жай-күйі. Мемлекет басшысының туристік бағыттарды тиісті деңгейге келтіру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында Үкімет аппараты мен Президент әкімшілігінің инспекторларымен бірлесіп, бірқатар курорттық аймақтарға мониторинг жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Бурабай, Баянауыл, Катон-Қарағай, Балқаш, Қапшағай, Алакөл (Абай және Жетісу облыстары), сондай-ақ Каспий теңізі жағалауы (Маңғыстау облысы) қамтылды, — дейді Ербол Мырзабосынов.

Министр атап өткендей, бірқатар өңірде сумен қамту және орталық көріз жүйесіне қатысты мәселелер шешілмей отыр. Бұл проблема әсіресе Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарында, сондай-ақ Абай мен Жетісу облыстарындағы демалыс аймақтарында өзекті. Су ресурстарын, оның ішінде ұнғымаларды пайдалану мәселесі де ерекше бақылауды талап етеді.

Әсіресе, Алакөлдің шығыс жағалауында бұл түйткіл өткір сезіледі.

— Сонымен қатар жағалауды бекіту жұмыстары да күн тәртібінде тұр. Министрдің айтуынша, Алакөл көлінің екі жағалауында да жағалауды нығайту шараларын жедел қолға алу қажет. Мәселен, Абай облысындағы кейбір демалыс базалары суға тым жақын орналасқан. Бұл — қауіпсіздік тұрғысынан да, инвестициялық тұрақтылық тұрғысынан да алаңдатарлық жағдай. Сондықтан бұл мәселені созбалаңға салуға болмайды, — дейді ол.

Бұдан бөлек, Жетісу облысындағы Алакөл жағажай аймағында және Каспий теңізі жағалауында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды. Бұл, бір жағынан, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан, жағажай инфра-

құрылымының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Хоккей қорттарының саны да 19,8%-ға қысқарған (1,4 мыңнан 1,1 мыңға дейін). 278 алаң жабылған, оның 33-і — жекеменшік. Көбіне мұз айдындарын ұстау қымбат шығады. Сондықтан да көп нысандар жабылууда.

Ал конькимен жүгіру стадиондары (7) мен шаңғы трамплиндері (3) саны өзгермеген. Бір қарағанда тұрақтылықты ұстап отырғандай көрінеді. Бірақ та жаңа нысандардың салынбағанына біршама жыл болып қалды. Мысалы, Щучинскідегі шаңғы-биатлон кешені 11 жыл бойы салынып, 61 млрд теңге жұмсалған.

Сонымен қатар қомақты қаражаттың бір бөлігі шетелдік ойыншыларды тартуға жұмсалатыны жасырын емес. Жарыс аяқталған соң олардың едәуір бөлігі өз елдеріне оралады. Бұл ұзақ мерзімді кадрлық саясаттың әлсіздігін көрсетіп отыр.

Ал дамыған мемлекеттер керісінше, басымдықты бұқаралық спортқа береді. Өйткені чемпиондар дәл сол кең ауқымды база мен қолжетімді инфрақұрылымның ішінен шығады. Мәселен, Нидерланды халқының саны Қазақстаннан аз болса да, бұқаралық спортқа жұмсалатын шығын кәсіби спортқа қарағанда екі есе

Жалпы алғанда, қысқы спорт секцияларының саны 2022 жылмен салыстырғанда 9%-ға өсіп, 4,8 мыңға жуықтаған. Алайда секция санының көбеюі инфрақұрылым сапасының артуына ықпалын бермей отыр.

құрылымының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ АҚСАП ТҮР

Жалпы алғанда, қысқы спорт секцияларының саны 2022 жылмен салыстырғанда 9%-ға өсіп, 4,8 мыңға жуықтаған. Алайда секция санының көбеюі инфрақұрылым сапасының артуына ықпалын бермей отыр. Мәселен, шаңғы базаларының саны үш жылда 46%-ға қысқарып, 189-дан 102-ге түскен. Өткізу қабілеті де 9,5 мыңнан 6,4 мың адамға дейін азайған. Яғни, 87 база жабылған. Оның үстіне, жұмыс істеп тұрған нысандардың 24%-ы — жекеменшік. Бұл бұқаралық спорттың қолжетімділігіне күмән тудырады.

көп. Соның нәтижесінде голланд спортшылары халықаралық арена-ларда тұрақты әрі жоғары нәтиже көрсетіп келеді.

Қорытындылай келе, Олимпиада — төрт жылдық еңбектің есебі. Бірақ бір жарыспен ел спортының ахуалын өлшеу дұрыс емес. Кей спорт түрлері қарқын алып жатқанымен, дәстүрлі өзімізге тән қысқы спорт түрлері әлсіреуде. Егер біз шынымен қысқы спортты дамытамыз десек, басты назарды бұқаралық базаға аударуымыз керек. Дәл қазір Милан мен Кортинада болып жатқан доданың қорытындысы да қысқы спорттың болашағына да жақсы өзгеріс әкеледі деген сенімдеміз.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абай АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4705
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,